№28-29 (314).
5 қараша,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен
жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРМЕН СЕРІКТЕСТІКТІ КЕҢЕЙТУ НИЕТІ ҚҰПТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Network School негізін қалаушы Баладжи Шринивасанды қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Network School жобасының Қазақстандағы технологиялық экожүйенің қалыптасуына қосқан үлесін жоғары бағалап, ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін жеткізді.

Президент еліміз технологияны терең меңгерген көшбасшылардың жаңа буынын тәрбиелеу үшін білім, ғылым және цифрлық құзыретке белсенді инвестиция салып жатқанына назар аударды.

Осы орайда, Мемлекет басшысы жобаның негізін қалаушыға жуырдағы Жолдауында жарияланған «Халықтық құрылыс» бастамасы келешек ұрпаққа маңызды әрі шын мәнінде салмақты мұра қалдыруға мүмкіндік беретінін айтты. Бағдарлама аясында жаппай әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын, соның ішінде мектептер, университеттер мен медицина мекемелерін салу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Network School Kazakhstan желісінің іске қосылуын және жобаның Қазақстан университеттерімен, стартаптарымен, сондай-ақ технологиялық кәсіпорындарымен серіктестікті кеңейту ниетін құптады.

Сонымен қатар Президент Astana AI Film фестиваліне инвестициялық тұрғыдан қолдау көрсеткені үшін Баладжи Шринивасанға ризашылығын білдірді.

Network School негізін қалаушы Қазақстанда озық технологиялық шешімдер мен экономиканың дәстүрлі салалары үйлесім тауып отырғанын айрықша атап өтті. Баладжи Шринивасан Network School Kazakhstan жобасының басым бағыттарын таныстырды. Онда цифрлық шешімдерді ілгерілету, адам капиталын дамыту және инновациялық әзірлемелерді енгізуге қолайлы жағдай жасау көзделген.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы еліміздегі жасанды интеллект пен инновацияны дамытуға қосқан үлесі үшін Баладжи Шринивасанды II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ МЕДИА

Жасанды интеллект журналистің жұмысына қалай әсер етуде? Ақпарат саласында технологияның мүмкіндігі артқан сайын, бұл сұрақтың өзектілігі де күшейіп келеді. Осыған байланысты Астанада Халықаралық Spectrum мектебінде «Жасанды интеллект дәуіріндегі медиа: шынайы ақпарат, жауапты сөз» тақырыбында республикалық медиафорум өтті. Шараны Бас редакторлар клубы ұйымдастырып, «Білім және инновация» халықаралық қоры мен Spectrum мектептер желісі қолдау көрсетті. Форумға елдің жетекші медиа менеджерлері, журналистер, қоғам қайраткерлері мен білім саласының өкілдері қатысты.

Шара басталар алдында Spectrum халықаралық мектебінің директоры Ерхан Алтынбекұлы Абдулдаев қонақтарды мектеппен таныстырып, сәулетті ғимарат ішін аралатты. Директор мектептің оқу бағдарламасынан бөлек, оқушылардың психологиялық жағдайына да ерекше көңіл бөлетінін айтты: мектепте қоғамда өзін еркін ұстай алмайтын, эмоциясын көрсетуге қиналатын балаларға арнайы көмек көрсетілетін кабинет жұмыс істейді. Сондай-ақ ол мектеп оқушыларының бірнеше жобаларымен таныстырды. Солардың бірі – дұрыс тамақтану тақырыбындағы жоба, ол халықаралық деңгейде 2000 АҚШ долларына бағаланатын стипендия жеңіп алған. Мектепте дрон олимпиадасы мен дрон футболы бағыты да дамып келеді. Бұдан бөлек, оқушылар биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған жоба әзірлеген: дрондар көмегімен түрлі қазба жұмыстарынан кейін қалған шұңқырларға түсіп қалған тасбақаларды анықтап, құтқару және жағдайды талдау жұмысы жүргізіледі. Директордың айтуынша, мектептің мұндай жобалары оқушыларды жай ғана техникалық дағдыға емес, қоршаған ортаға, қоғамға және бір-біріне жауапкершілікпен қарауға үйретуді мақсат етеді. Дрон технологиясын футбол сияқты ойын-сауық форматында да, тірі табиғатты қорғау сияқты практикалық мақсатта да қолдану тәжірибесі қонақтардың қызығушылығын тудырды. Форум қонақтары оқушылармен тікелей сөйлесіп, олардың жобалары туралы сұрақ қойып, жас буынның заманауи технологияны игеру деңгейіне куә болды.

8-бетте »

Көрнекті кинорежиссер, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Абдолла Қарсақбаевтың туғанына – 100 жыл

КАННДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ЖҮЛДЕСІ

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылық мұрасы және қазақ киносының халықаралық мойындалуы

Қазақ кино өнерінің тарихында есімі алтын әріптермен жазылған тұлғалардың бірі – көрнекті кинорежиссер, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Абдолла Қарсақбаев. Оның шығармашылығы ұлттық кино өнерінің қалыптасуы мен дамуына айрықша үлес қосып, қазақ баласының болмысын, ұлттық дүниетанымын және рухани әлемін экран арқылы танытуға жол ашты.

Абдолла Қарсақбаев 1926 жылғы 2 қазанда Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. 1956 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының режиссерлік факультетін М. Э. Чиаурелидің шеберханасында тәмамдаған. Кейінгі шығармашылық жолын «Қазақфильм» киностудиясымен байланыстырып, қазақ киносының алтын қорына енген бірқатар көркем және деректі фильмдерді дүниеге әкелді.

Режиссердің «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қилы кезең», «Алты жасар Алпамыс», «Бандыны қуған Хамит» секілді фильмдері көрермен жүрегінен ерекше орын алды. Бұл туындылардың әрқайсысында ұлттық мінез, адамгершілік құндылықтар, балалық шақтың шынайы бейнесі мен тарихи кезеңдердің тынысы көрініс тапты.



5-бетте »



МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

2-бетте »

АНКАРА САММИТІНЕН КЕЙІН: ТМҰ-ДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

3-бетте »





ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖАЗУ

немесе ғалым мен қаламгердің үндестігі

4-бетте »

• СӨЗ БЕН СУРЕТ

ҚАМШЫ МЕН ҚАЛАМ

(Сауытбек, сурет және саясат)

Түрлі-түрлі бала болады. Кейбірі доп ойнайды. Енді біреуі құлжа сақаны алақанында ауната-тып, ертелі-кеш асық атады. Тағы бірі аяғын айқастыра аспанға секіріп, жұлқынып ләңгі тебеді. Соған қарап олардың қайсысының не нәрсеге көбірек әуес екенін шамалай бересің. Ал біздің кейіпкеріміз үш-төрт жасында-ақ кәдімгі қамшыны қолға алыпты. Доп емес, асық та емес, ләңгі де емес, қамшы. Суретке түссе де, сол қамшысымен түсіпті. Қарашы енді сол көне суретке...

«Е, қамшы ұстаса несі бар, қой бағады да», – дерсіз. Жоқ бұл бала қой бағатын балаға мүлде ұқсамады. Керісінше, болмыс-бітімі қой бақтыратын балаға көбірек келеді. Қабағы қатулы, жүзі салыңқы, көзі ойлы. Тұрысты қарасайшы. Кеуде шалқақ. Аяқ алшақ. Киімі «хит». Бір қолы бүйірін таянуға бейім. Бойы бір тұтам болса да, үстібасына қылау жұқтырмайды. Көзқарасына зер салсаң, құдды бір сәбилік сатыдан баяғыда өтіп кеткен парасатты перзент. Қамшысын қолына мығым ұстайды. Сірә, кейін бар жұмысы билікпен өзектес болатынына көрінген шығар...

4-бетте »





АБАЙ ОБЛЫСЫНДА “БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ” ЛИЦЕЙІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Бүгін Семейде дарынды балаларға арналған жаңа облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицейінің іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға облыс әкімі Берік Уәли, «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте қатысты. Аймақ басшысы құттықтау сөзінде жаңа білім ордасының өңір үшін маңызы ерекше екенін атап өтті.

«Бүгін біз облысымыздың білім беру жүйесі үшін айрықша маңызға ие тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Қарағайлы тұрғын ауданында дарынды балаларға арналған жаңа облыстық мамандандырылған «Білім-Инновация» лицейінің іргетасын қалау рәсімі – өніріміздің білім саласындағы жарқын болашаққа бағытталған маңызды қадам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім мен ғылымды дамыту, адами капиталды нығайту, жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттыру ел дамуының стратегиялық басымдықтары екенін үнемі атап өтіп келеді. Президент айқындаған осы міндеттер аясында бүгінгі қолға алынып отырған игі бастаманың маңызы ерекше. Өйткені, мектеп салу – ғимарат тұрғызу ғана емес, ол – елдің ертеңіне, жас ұрпақтың білімі мен болашағына салынған инвестиция деп біламіз. Жобаның тағы бір маңызды қыры – жаңа ғимарат пайдалануға берілгеннен кейін қазіргі лицей орналасқан ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, қыз балаларға арналған мамандандырылған лицей ретінде ашуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, бүгінгі құрылыс екі бірдей игі мақсатқа жол ашады: біріншіден, ұлдар мен қыздарға арналған білім беру бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді; екіншіден, өңірдегі дарынды балалардың сапалы білім алуына қолжетімділікті арттырады. Бүгін қаланып жатқан іргетас – ертеңгі үлкен жетістіктердің бастауы. Осы игі іске атсалысып отырған барша азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін», – деді Берік Уәли.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарына сұраныстың артуына байланысты 400 орындық жаңа лицейдің құрылысы қолға алынды. Ғимарат жанынан 300 оқушыға арналған жатақхана салынады. Жоба құны – 6,8 млрд теңге. Нысан 4,7 гектар жер учаскесінде орналасады. Ғимарат үш қабаттан тұрады. Жобада математика, физика, химия, биология, информатика және робототехника пәндеріне арналған оқу кабинеттері, жаратылыстану бағытындағы зертханалар мен заманауи IT сыныптары қарастырылған.

Сонымен қатар, мұнда шығармашылық үйірмелерге арналған бөлмелер, спорт залы, асхана, кітапхана, мәжіліс залы және медициналық кабинет болады. Ғимарат аумағында демалыс орындары, көгалдандыру аймақтары, жаяу жүргіншілер жолдары мен автотұрақ салу көзделген. Жаңа білім ордасының іргетасын қалау рәсімінде сөз сөйлеген ұстаздар мен ата-аналар өз ризашылықтарын жеткізді.

«32 жыл бұрын дәл осы күні қазіргі «Білім-Инновация» лицейі ашылған болатын. Басында 100 бала қабылданған еді. Оқушылар саны жылдан жылға өсіп келеді. Бүгінгі күні біздің түлектеріміз төрткүл дүниенің әр түкпірінде жүр. Жаңа ғимараттың іргетасы қаланып, құрылыс жұмысы басталғанына дән ризамыз. Барша ұстаздардың, ата-аналардың, тұрғындардың және түлектердің атынан алғыс айтамыз», – деді ардагер ұстаз Кенжехан Накишев.

Семейдегі «Білім-Инновация» лицейі 1994 жылы құрылған. Осы кезеңде лицей көптеген дарынды оқушыны тәрбиелеп, олардың республикалық және халықаралық деңгейде білімін көрсетуіне мүмкіндік берді. Лицей оқушылары бірнеше жыл қатарынан облыстық «Үздік олимпиадалық команда» атағын иеленіп, пәндік олимпиадаларда жоғары нәтиже көрсетіп келеді.

Қазіргі уақытта лицей 1981 жылы салынған ғимаратта орналасқан. Нысанның жобалық қуаттылығы 140 орын болғанымен, мұнда 224 оқушы білім алуда. Лицейге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Бүгінде Абай облысында 304 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді. Онда 100 мыңға жуық бала білім алуда. Өңірде оқушы орындарының тапшылығы 6,3 мыңды құрайды. Оның 4,3 мыңы Семей қаласына тиесілі. Бұл мәселені шешу мақсатында «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында облыста 5 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Семей қаласындағы Қарағайлы шағын ауданында 1400 орындық BINOM мектебінің құрылысы басталды. Сонымен қатар, «Абайға құрмет» акциясы аясында Астана қаласы Семейде 1500 орындық мектеп салуды жоспарлап отыр. Бұдан бөлек Жарма ауданының Суықбұлақ ауылындағы 100 орындық мектептің құрылысы аяқталуға жақын. Сондай-ақ, Ақсуат ауданының Ақсуат ауылында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы 300 оқушыға арналған жаңа мектептің құрылысы басталады.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Бұған дейін хабарлағанымыздай, кеше Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындады.

Кандидаттарды тіркеу 1 қарашада аяқталды. Сайлау алдындағы үгіт-насихат науқаны 28 қарашаға дейін жалғасады, бұл күн «тыныштық күні» деп жарияланды.

Барлығы **228 мәслихатқа 3 447 депутат** сайланады:

- **Облыстық** – 20 мәслихат, 668 депутат;
- **Қалалық** – 38 мәслихат, 626 депутат;
- **Аудандық** – 170 мәслихат, 2 153 депутат.

Депутаттар жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы **5 жыл мерзімге** сайланады.

САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

ОСК сайлауға **7 саяси партияны** жіберді: «Ақ жол», «Ауыл», «Әділет», Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП), «Байтақ», Қазақстан Халық партиясы және Respublica.

Ал маусым айында жаңадан құрылған «Әділет» партиясына қосылатынын хабарлаған, бірақ әлі ресми түрде таратылмаған «Amanat» партиясы ОСК-ға сайлауға қатысудан бас тартатыны туралы хабарлама хат жолдады.

КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

ОСК мүшесі Әсіл Жанабілованың түсіндіруінше, сайлау **аралас жүйе бойынша** – партиялық тізімдер мен бір мандатты округтер бойынша өтеді. Тізімді саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер ұсына алады. Бұдан бөлек, азаматтардың өзін-өзі ұсынуға да құқығы бар.

Партиялық тізімге тек тиісті партияның мүшелері ғана енгізіле алады. Тізімдегі **әйелдер мен жастардың жиынтық үлесі кемінде 30%-ды** құрауы тиіс. Бұл ретте партиялық тізімге енгізілген кандидат бір мезгілде бір мандатты округ бойынша бағын сынай алмайды.

Мәслихат депутаты болып Сайлау құқығына ие, **20 жасқа толған** Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады. Бір адам тек бір мәслихаттың депутаты бола алады.

Кімдер сайлана алмайды:

- Сот әрекетке қабілетсіз деп тапқан азаматтар;
- Соттылығы жойылмаған или алынбаған адамдар;
- Сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе құқық бұзушылық жасағаны үшін сот кінәлі деп тапқан тұлғалар.

САЙЛАУ ЖАРНАЛАРЫ

Саяси партиялар партиялық тізімдегі әрбір кандидат үшін сайлау жарнасын төлеуі тиіс. Оның базалық мөлшері – **5 ең төменгі жалақы (ЕТЖ)**, қазіргі уақытта бұл **425 мың теңгені** құрайды. Бұл сома бір мандатты округтер бойынша түсетін кандидаттар үшін де белгіленген.

Партиялар үшін өткен сайлау нәтижелеріне байланысты жеңілдіктер қарастырылған:

- **5% және одан көп дауыс жинағандар** – жарнадан толық босатылады;
- **3%-дан 5%-ға дейін** – жарнаның 50%-ы (212 500 теңге);
- **1%-дан 3%-ға дейін** – жарнаның 70%-ы (297 500 теңге);
- **1%-дан аз** – толық жарна (425 000 теңге).

Жарна кандидаттың заңнама талаптарына сәйкестігі тексерілгеннен кейін, ол тіркелгенге дейін аударылады.

САЙЛАУ ЖАРНАСЫН ҚАЙТАРУ ШАРТТАРЫ

Партия төлеген сайлау жарнасы, егер ол дауыс беру қорытындысы бойынша сайлаушылардың **кемінде 5% дауысын** алса, кері қайтарылады.

Бір мандатты округтерден қатысатын кандидаттарға да бұл қаражат сайланған жағдайда, **кемінде 5% дауыс алғанда** немесе кандидат қайтыс болған жағдайда қайтарылады.

Қалған барлық жағдайда сайлау жарналары республикалық бюджетке түседі.

КӨШПЕНДЕРДІ ЭСПЕТТЕЙТІН ҚАЗАҚ-МҰҢҒОЛ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ КЕРЕК

Баян-Өлгейде қазақ пен мұңғолдың дәстүрлі өмір салтын халықаралық туризммен ұштастыратын ортақ жоба жүзеге асса, бұл екі халықтың мәдени байланысын нығайтып қана қоймай, жергілікті тұрғындарға жаңа кәсіп пен табыс көзін ашар еді. Біз бүгін әлемді елең еткізер жоба туралы әңгіме қозғамақпыз.



Көшпелі мұра – бүгіннің жалғасы

Қазақ пен мұңғол халықтарының тарихи тағдыры мен мәдени тәжірибесінде ортақ сипаттар аз емес. Табиғатпен үйлесімді тіршілік ету, мал шаруашылығы, жылқы мәдениеті, дәстүрлі баспана, қолөнер, қонақжайлық, ұрпақтан ұрпаққа берілетін өмірлік білім – екі халықтың да мәдени болмысын айқындайтын құндылықтар.

Алайда дәстүрлі мәдениеттің қадырын тек оның өткен тарихтағы орнымен өлшеуге болмайды. Оның бүгінгі қоғамға қандай пайда әкеле алатыны, қазіргі адамның өміріне қалай бейімделетіні және келешек ұрпаққа қандай мүмкіндік беретіні де маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында қазақ пен мұңғолдың көшпелі өмір салтын заманауи жағдайда дамытуға бағытталған бірлескен жобаны жүзеге асыру туралы ұсыныс назар аударуға тұрарлық.

Мұндағы мақсат – өткенді сол күйінде қайталау емес. Мақсат – дәстүрлі өмір салтының өміршең тәжірибесін сақтай отырып, оны бүгінгі экономикалық және мәдени айналымға енгізу. Басқаша айтқанда, көшпелі мәдениетті тек тамашалайтын тарихи мұра емес, өмір сүретін, дамитын әрі табыс әкелетін ортаға айналдыру.

Баян-Өлгей – мәдени байланыс кеңістігі

Баян-Өлгей – Моңғолиядағы қазақтар мекендейтін, қазақ тілі мен мәдениеті, дәстүрлі тұрмыс пен өнері сақталған ерекше аймақ. Оның табиғи ландшафты, Алтайдың таулы өлкесі, жылқы мәдениеті, бүркітшілік дәстүрі, қолөнері мен ұлттық тағамдары халықаралық туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл мүмкіндікті қазақ мәдениетін жеке таныстырумен шектемей, қазақ пен мұңғолдың дәстүрлі өмір салтын өзара толықтыратын ортақ мәдени кеңістік қалыптастыруға пайдалануға болады.

Мәселен, туристік ауылда қазақтың киіз үйлері мен мұңғолдың гэрлері қатар орналаса, қонақтар екі халықтың баспана мәдениетімен, тұрмыстық бұйымдарымен, тағам әзірлеу тәсілдерімен және қонақ күту дәстүрімен танысар еді. Қолөнер шеберханаларында киіз басу, тері өңдеу, дәстүрлі киім тігу мен зергерлік өнер көрсетілсе, ұлттық музыка мен ат мәдениеті арнайы бағдарламалар арқылы ұсынылар еді.

Мұндай кеңістік этнографиялық көрмеден әлдеқайда ауқымды болмақ. Өйткені мұнда мәдениет тек көрсетілмейді, оның тәжірибесімен танысуға, шеберлігін үйренуге, жергілікті адамдармен араласуға мүмкіндік туады.

Ең бастысы, қазақтар мен мұңғолдар өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, ортақ жобаның тең дәрежелі қатысушылары бола алады.

Көшпеннің бүгінгі тұрмысы – туризмге азық

Ұсынылып отырған жобаның негізгі идеясы – көшпелі өмір салтын қазіргі заманға бейімдеу.

Дәстүрлі баспананы туристерге арналған жайғасым ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Онда жылу, су, санитарлық жағдай, қауіпсіздік пен жайлылық талаптары сақталуы керек. Дәстүрлі тағам ұсыну, қолөнер бұйымдарын өндіру, атпен серуен ұйымдастыру, жергілікті гид қызметін дамыту сияқты жұмыстар да жүйелі кәсіпке айналуы қажет.

Осылайша, көшпеннің/номадтың тұрмысын заманауи талаптармен ұштастыруға болады. Дәстүрлі мәдениеттің мазмұны сақталады, ал оны ұйымдастыру мен ұсыну тәсілдері бүгінгі адамның қажеттілігіне бейімделеді.

Мұндай бастама жергілікті халыққа жаңа мүмкіндіктер ашар еді. Бір отбасы қонақ қабылдаумен айналысса, екіншісі ұлттық тағам әзірлейді, үшіншісі қолөнер бұйымдарын шығарады, тағы бірі атпен саяхат ұйымдастырып, гид қызметін көрсетеді. Жастар цифрлық жарнама, брондау, аударма, туристік қызметті ұйымдастыру сияқты салаларға тартылады.

Сонда мәдени мұра экономикалық белсенділіктің нақты көзіне айналады. Турист жұмсаған қаражаттың жергілікті қауымдастықта қалуына жағдай жасалады. Ал дәстүрлі кәсіп пен мәдени білімнің жас ұрпаққа берілуіне ынта пайда болады.

Атты өркениет пен адамзаттың ынтық өмірі

Қазақ пен мұңғол мәдениетін танытатын маңызды бағыттардың бірі – жылқы мәдениеті.

Атпен саяхаттау, табиғи ортада бағдар табу, дәстүрлі ат ойындары, бүркітшілік пен этнографиялық экспедициялар шетелдік туристерге қызықты бағдарлама ұсына алады. Мұнда қауіпсіздік, жануарлардың әл-ауқаты және табиғи ортаны қорғау талаптары бірінші кезекте тұруы тиіс.

Баян-Өлгейде бірнеше күндік және апталық туристік бағдарламалар ұйымдастыруға болады. Оған дәстүрлі ауылда тұру, жергілікті отбасымен бірге ұлттық тағам әзірлеу, қолөнер шеберлігімен танысу, атпен саяхаттау және мәдени іс-шараларға қатысу енгізіледі.

Сонымен бірге ғылыми-этнографиялық экспедициялар, фотосаяхаттар, халықаралық мәдени фестивальдер өткізу мүмкіндігі бар. Мұның бәрі аймақтың туристік маусымын кеңейтіп, қызмет көрсету саласын дамытуға көмектесер еді.

Әрине, мұндай мүмкіндіктердің нақты ауқымын анықтау үшін туристік сұранысты, көлік қатынасын, инфрақұрылымды, жер телімдерінің жағдайын және инвестициялық шығындарды зерттеу қажет. Сондықтан алғашқы қадам ретінде шағын тәжірибелік ауыл құрып, оның нәтижесін бағалау орынды.

Екі халыққа керек ортақ мүдде мен ортақ табыс

Қазақ-мұңғол жобасының маңызы туристік қызметпен ғана шектелмейді. Ол екі халықтың мәдени байланысын нақты экономикалық ынтымақтастықпен толықтыруға мүмкіндік береді.

Бірлескен бастамаға Моңғолия тарапынан Баян-Өлгейдің жергілікті билігі, кәсіпкерлері, мәдениет және туризм ұйымдары қатыса алады. Қазақстан тарапынан туристік компаниялар, ғылыми мекемелер, мәдениет саласының өкілдері мен жеке инвесторлар тартылуы мүмкін.

Қаржыландыруды мемлекеттік қолдау, жеке инвестиция және жергілікті кәсіпкерлердің қатысуы арқылы ұйымдастыруға болады. Бірақ мұндай моделдің нақты тетіктері жобаның орналасатын жері мен экономикалық есебі анықталғаннан кейін белгіленуге тиіс.

Бұл жерде бір қағида айрықша маңызды: жоба жергілікті халықтың мүддесіне қызмет етуі керек. Қазақтар мен мұңғолдар оның тек мәдени мазмұнын қалыптастыруға емес, басқаруға, кәсіп жүргізуге және табыс табуға да тең дәрежеде қатысуы қажет.

Туристік кешеннің табысы сырттан келген ұйымдарға ғана емес, жергілікті отбасыларға, қолөнершілерге, жастарға және шағын кәсіпкерлерге де пайда әкелгенде ғана жоба ұзақ мерзімді нәтижеге қол жеткізе алады.

Тұрмыстық қоңсылық пен мәдени табысу

Халықтар арасындағы қатынас тек ресми кездесулер мен саяси мәлімдемелер арқылы нығаймайды. Ортақ еңбек, кәсіп, білім және мәдени тәжірибе де өзара сенімді қалыптастырады.

Соңғы кезеңде қазақ-мұңғол мәдени қатынастарында жекелеген пікір қайшылықтары туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда әртүрлі пікірді бүкіл халықтың ұстанымы ретінде қабылдамай, екі ел арасындағы байланысты өзара құрмет пен ортақ мүдде негізінде дамыту маңызды.

Баян-Өлгейдегі бірлескен жоба осы бағыттағы нақты қадамдардың біріне айнала алады. Қазақ пен мұңғол жастары бірге жұмыс істеп, ортақ кәсіп ашып, туристерге қызмет көрсетіп, өз мәдениетін таныстыруға қатысады. Бірінің дәстүрін екіншісі танып, ортақ құндылықтарын бағалауға мүмкіндік алады.

Мұндай байланыс ұранмен емес, күнделікті тіршілікпен бекиді. Ортақ табыс, ортақ жауапкершілік және өзара құрмет адамдарды жақындастыратын берік негіз бола алады.

Әуелі тәжірибе, сосын халықаралық сергу алаңы

Ұсыныстың жүзеге асуы үшін жұмысты бірнеше кезеңмен ұйымдастырған дұрыс.

Алдымен Баян-Өлгейдегі қолайлы аумақтар зерттеліп, жергілікті тұрғындармен, кәсіпкерлермен және билік өкілдерімен кеңесу қажет. Туристік сұраныс пен инфрақұрылым мүмкіндіктері бағаланған соң, бірнеше дәстүрлі баспанасы, тамақтану орны, қолөнер шеберханасы және дайын туристік бағдарламалары бар шағын кешен құруға болады.

Оның жұмысы турист саны, жергілікті халықтың табысы, ашылған жұмыс орындары, туристердің қанағаттануы және табиғи ортаның сақталуы сияқты көрсеткіштер арқылы бағалануы тиіс.

Егер тәжірибелік кезең нәтижелі болса, кешенді кеңейтіп, халықаралық көшпелі мәдениет пен туризм орталығына айналдыруға мүмкіндік туады. Оған халықаралық туристік компанияларды, ғылыми ұйымдарды және инвесторларды тартуға болады.

Бұл – әзірге іске асыруды қажет ететін ұсыныс. Оның нақты нәтижесі жергілікті қауымдастықтардың қолдауына, серіктестердің ынтымақтастығына, қаржылық есепке және кәсіби басқаруға байланысты.

Көшпелі өркениеттің көкжиегі

Қазақ пен мұңғолдың дәстүрлі өмір салты – өткеннің ғана еншісіндегі құбылыс емес. Оның табиғатпен үйлесімді тіршілік ету, ресурсты ұқыпты пайдалану, қауымдық ынтымақтастық және өмірлік тәжірибені ұрпаққа жеткізу сияқты қырлары бүгін де маңызды.

Сондықтан көшпелі мәдениетті сақтаудың бір жолы – оны заманауи өмірмен сабақтастыру. Дәстүрлі баспана мен қолөнерді туристік кәсіппен, жылқы мәдениетін халықаралық маршруттармен, ұлттық тағамдарды жергілікті өндіріс пен қызмет көрсету саласымен ұштастыруға болады.

Баян-Өлгейде жүзеге асуы мүмкін «Қазақ-мұңғол жаңа байланысы: көшпелі өркениетті әспеттеу мен әйгілеу» жобасының түпкі мақсаты да осыған саяды.

Бұл бастама іске асса, Баян-Өлгей қазақ пен мұңғолдың мәдени мұрасы қатар танылатын, жергілікті тұрғындар тұрақты табыс табатын, жастарға жаңа мүмкіндіктер ашылатын және халықаралық туристер көшпелі өмір салтын өз тәжірибесі арқылы танып-білетін ортаға айнала алады.

Көшпелі өркениеттің мұрасы ұрпақ жадында ғана сақталмай, бүгінгі тіршілікке де қызмет етуі керек. Ал ортақ мәдени мұраны бірге дамыту – қазақ пен мұңғол халықтарының байланысын нығайтудың нақты мүмкіндіктерінің бірі.

Серік ЕРҒАЛИ,
мәдениеттанушы.
Астана

adilet-gazeti.kz

Анкарада тағы бір тарихи саммит аяқталды. Түркі әлемінің көшбасшылары бас қосып, ортақ болашаққа қатысты маңызды мәселелерді талқылады. Келіссөздер жүргізілді, бірлескен шешімдер қабылданды, Анкара декларациясы жарияланды. Мемлекет басшылары өз елдеріне оралды. Алайда халықаралық саясатта кейбір кездесулер қабылданған шешімдерімен ғана емес, кейінгі күн тәртібіне шығарған мәселелерімен де есте қалады.



АНКАРА САММИТІНЕН КЕЙІН: ТМҰ-ДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Анкара саммитінен кейін: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей жөніндегі ұсынысы және Түркі мемлекеттері ұйымының болашағы

2026 жылғы 30 қазанда Анкарада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) 13-саммиті осындай жиындардың бірі болды.

Саммит барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясының Түркі мемлекеттері ұйымымен ынтымақтастығына қатысты ұсынысы ерекше назар аудартты. Мемлекет басшысы Ресейді «ТМҰ+» форматына шақыруды немесе Ұйымның жұмысына бақылаушы ретінде қатыстыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Бір қарағанда, бұл халықаралық ұйымның сыртқы байланыстарын кеңейтуге бағытталған кезекті дипломатиялық бастама болып көрінуі мүмкін. Бірақ мәселенің тарихи тамыры әлдеқайда тереңде жатыр. Ресейдің түркі мемлекеттерімен институционалдық байланыс орнатуға деген қызығушылығы да, Мәскеудің аталған ұйымға қатысу мүмкіндігі жөніндегі пікірталас та алғаш рет Анкарада көтерілген жоқ.

Олай болса, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысы нені білдіреді? Ресейдің Түркі мемлекеттері ұйымына қатысу мәселесі бұған дейін қашан және қандай жағдайда қозғалды? Ең бастысы, бұл бастама түркі әлемінің болашақтағы институционалдық келбетіне қалай әсер етуі мүмкін?

Жауап іздеу үшін бүгінгі саяси мәлімдемелермен шектелмей, соңғы он жылдағы дипломатиялық оқиғаларға назар аударған жөн.

МӘСКЕУ БҰЛ МӘСЕЛЕНІ ОН ЖЫЛ БҰРЫН КӨТЕРГЕН

2016 жылғы 22 шілде. Ресейдің Владимир облысында жастар форумы өтіп жатты. Форум барысында Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастыққа қатысты маңызды мәлімдеме жасады.

Ол кезде қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымы Түркі кеңесі, ресми атауымен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі ретінде жұмыс істейтін.

Ресейдің аталған ұйымға қосылу мүмкіндігі туралы сөз қозғаған Сергей Лавров ел аумағында түркітілдес халықтардың өмір сүретінін, түркі мәдениеті Ресейдің көпұлтты мәдени кеңістігінің ажырамас бөлігі екенін атап өтті.

Ресей сыртқы саясат ведомствосының басшысы Түркі кеңесіне мүше болу мәселесін ұйымның сол кездегі мүшелік талаптарымен байланыстырды. Оның айтуынша, егер Түркі кеңесі түркітілдес тұрғындары бар, бірақ олар халықтың басым бөлігін құрамайтын мемлекеттерді де қабылдауға дайын болса, Мәскеу ұйымға қатысу мүмкіндігін қарастыра алады.

Бұл мәлімдеме Anadolu Ajansı агенттігінің 2016 жылғы 22 шілдедегі хабарында жарияланды. Ресейлік ақпарат кеңістігінде де осы мазмұндағы хабарлар тарады.

Мұндағы тарихи жағдайға назар аударған жөн.

2015 жылдың қарашасында Түркия мен Ресей арасында әскери ұшақ оқиғасына байланысты елеулі дипломатиялық дағдарыс туындаған болатын. Ал 2016 жылдың жазында екі мемлекет қарым-қатынасты қалпына келтіру жолдарын қарастырып жатқан еді.

Осындай күрделі кезеңде Ресей Сыртқы істер министрінің Түркі кеңесіне қатысу ықтималдығын көпшілік алдында айтуы кездейсоқ назардан тыс қалатын мәлімдеме емес.

Әрине, бұл Ресейдің ресми мүшелік өтініші болған жоқ. Дегенмен Мәскеудің түркі мемлекеттері қалыптастырған халықаралық құрылыммен ынтымақтастықты қарастыруға дайын екенін білдірген саяси ұстаным еді.

Осы тұрғыдан қарағанда, арада он жыл өткен соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Анкарада көтерген ұсынысы мүлде жаңа бастама ретінде емес, бұрыннан талқыланып келе жатқан мәселенің қазіргі дипломатиялық жағдайда қайта қаралуы ретінде назар аудартады.

РЕСЕЙДІҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ПІКІР ТҮРКИЯДА ДА АЙТЫЛҒАН

Бұл мәселенің тағы бір назар аударарлық тұсы бар. Ресейдің Түркі мемлекеттері ұйымымен ықтимал байланысы тек Мәскеуде ғана сөз болған жоқ. Түркияда да осыған ұқсас пікірлер айтылды.

2021 жылғы 25 қарашада Измир қаласындағы Кәтип Челеби университетінде өткен ғылыми іс-шара барысында Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің сол кездегі төрағасы Бинали Йылдырым түркі әлемінің тарихи және мәдени ауқымына қатысты кеңінен тоқталды.

Түркияның бұрынғы Премьер-министрі әрі саяси қайраткері Бинали Йылдырым түркі халықтары өмір сүретін елдерді атаған кезде Ресей мен Қытайды да тілге тиек етіп, оларды ұйымның табиғи мүшелері ретінде қарастыруға болатынын айтты.

Бұл пікір Demirören Haber Ajansı агенттігінің 2021 жылғы 25 қарашадағы материалында жарияланды.

Әрине, аталған мәлімдемені Ресей немесе Қытайға жолданған ресми шақыру деп қабылдауға болмайды. Бинали Йылдырымның сөздері, ең алдымен, түркі халықтарының тарихи және мәдени кеңістігі қазіргі тәуелсіз түркі мемлекеттерінің шекарасымен ғана шектелмейтінін көрсететін саяси пайымдау еді.

Бірақ осы оқиғаның өзі Түркі мемлекеттері ұйымының болашақтағы сыртқы байланыстары жөніндегі пікірталастың Түркияның саяси ортасында да болғанын аңғартады.

Осы тұста тағы бір деректі еске алған орынды.

2021 жылғы 1 желтоқсанда Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров Федерация кеңесінде сөйлеген сөзінде Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуына қатысты Мәскеудің ұстанымын түсіндірді.

Ресей министрі Ұйымның құрылуын қалыпты құбылыс ретінде бағалайтынын айтып, мәдениет, тілдік дәстүрлерді сақтау, білім беру және гуманитарлық алмасу салаларындағы ынтымақтастыққа қарсы еместігін білдірді. Сонымен бірге ұйым қызметіне әскери сипаттағы ынтымақтастық элементтері енгізілген жағдайда оған сақтықпен қарайтынын жеткізді.

Бұл мәлімдеме АРА ақпарат агенттігінің 2021 жылғы 1 желтоқсандағы орыс тіліндегі хабарында жарияланған.

Осы деректерді бірізді қарастырсақ, назар аударарлық тарихи сабақтастық байқалады.

2016 жылы Ресейдің Түркі кеңесіне қатысу мүмкіндігі айтылды. 2021 жылы Түркияда Ресей мен Қытайдың түркі әлемімен тарихи және мәдени байланыстары аясында ұйымға қатысуы жөнінде пікір білдірілді. Сол жылы Мәскеу Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы мен оның қызметіне байланысты көзқарасын жария етті.

Ал 2026 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің «ТМҰ+» форматына қосылуы немесе бақылаушы мәртебесінде қатысуы жөніндегі ұсынысын ортаға салды.

Әрине, бұл мәлімдемелердің арасында тікелей дипломатиялық келіссөздер тізбегі болғанын дәлелдейтін ашық деректер жоқ. Сондай-ақ Ресей Президенті Владимир Путиннің Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға Түркі мемлекеттері ұйымына мүше болу туралы тікелей ресми өтініш жолдағанын растайтын сенімді құжат та анықталған жоқ.

Дегенмен тарихи деректер бір жайтты айқын көрсетеді: Ресейдің түркі мемлекеттері қалыптастырған ұйыммен институционалдық қарым-қатынасы туралы мәселе Анкара саммитінен әлдеқайда бұрын көтерілген.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ ДИПЛОМАТИЯСЫ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰСТАНЫМЫ

Қазақстанның сыртқы саясатын түсіну үшін елдің географиялық жағдайын, тарихи тәжірибесін және тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан дипломатиялық дәстүрін ескеру қажет.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері түрлі геосаяси орталықтармен теңгерімді қарым-қатынас орнатуға негізделген көпвекторлы сыртқы саясат жүргізіп келеді.

Астана Ресеймен тарихи, экономикалық және қоғамдық байланыстарын сақтай отырып, Қытаймен, Түркиямен, Еуропа елдерімен және басқа да халықаралық серіктестермен ынтымақтастығын дамытып келеді. Сонымен қатар Қазақстан түркі мемлекеттері арасындағы институционалдық ықпалдастықтың қалыптасуы мен нығаюына елеулі үлес қосқан елдердің бірі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Анкара саммитіндегі сөзін тұтас қарастырғанда осы дипломатиялық ұстаным анық байқалады.

Мемлекет басшысы Ресеймен ықтимал ынтымақтастық мәселесімен ғана шектелген жоқ. Ол «Түркі әлемінің келешегі – 2040» бағдарламасының жүзеге асырылуына, Ұйымның 2027–2031 жылдарға арналған жаңа стратегиясын қабылдауға, Түркі инвестициялық қорының қызметін жандандыруға және Орта дәліздің көлік-логистикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударды.

Ақорданың 2026 жылғы 30 қазанда жариялаған ресми мәліметіне сәйкес, Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен тауар айналымы 10 миллиард долларға жуықтаған. Мемлекет басшысы бұл көрсеткіштің өткен жылмен салыстырғанда 40 пайызға артқанын атап өтті.

Бұл сандар түркі мемлекеттері арасындағы қатынастардың мәдени және тарихи жақындықпен ғана шектелмей, нақты экономикалық мазмұнға ие болып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстан Президентінің Ресейге қатысты ұсынысын да осы кең ауқымды дипломатиялық бағдардың аясында қарастырған жөн.

Астана үшін түркі мемлекеттерімен ынтымақтастықты нығайту және көршілес ірі державалармен тұрақты қарым-қатынасты жалғастыру бір-біріне міндетті түрде қайшы келетін бағыттар емес. Көпвекторлы саясаттың мәні де әртүрлі халықаралық байланыстарды ұлттық мүдделер негізінде қатар дамытуға ұмтылудан көрінеді.

Алайда мемлекеттің екіжақты сыртқы саясаты мен халықаралық ұйымның институционалдық шешімдері бірдей ұғым емес. Біріншісі ұлттық дипломатияның құзыретіне жатса, екіншісі ұйымға мүше мемлекеттердің ортақ келісімін талап етеді.

Анкара саммитінде айтылған ұсыныстыбағалағанда осы айырмашылықты назардан шығармаған дұрыс.

РЕСЕЙДЕГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ: ОРТАҚ ТАРИХ ПЕН САЯСИ ШЕКАРА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысында назар аудартқан маңызды мәселелердің бірі – Ресей Федерациясы аумағында өмір сүретін түркі халықтарының тарихи және мәдени мұрасы.

Шын мәнінде, түркі әлемінің тарихи кеңістігі қазіргі тәуелсіз түркі мемлекеттерінің мемлекеттік шекараларымен ғана шектелмейді.

Еділ-Орал өңіріндегі татарлар мен башқұрттар, Сібірдегі сахалар, тывалар, Алтай түркілері және чуваштар – түркі әлемінің тілдік, мәдени және тарихи сан алуандығын айқындайтын халықтар.

Олардың мәдени мұрасы, ауыз әдебиеті, дүниетанымы мен тарихи жады түркі өркениетінің қалыптасуында өзіндік орын алады.

Қазақстан Президентінің Ресей қолдап отырған «Алтай өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» бастамасына тоқталуы да осы тарихи байланыстармен сабақтас.

Өйткені Алтай – қазақ халқының ғана емес, көптеген түркі халықтарының тарихи жадында ерекше орын алатын кеңістік.

Дегенмен мұнда бір маңызды айырмашылық бар.

Ресейдегі түркі халықтарының мәдени мұрасы түркі әлемінің ортақ тарихи қазынасына жататыны даусыз. Ал Ресей Федерациясының Түркі мемлекеттері ұйымында қандай саяси немесе институционалдық мәртебеге ие болуы мүмкін екені – бөлек мәселе.

Тарихи-мәдени жақындық халықтар арасындағы байланыстарды дамытудың маңызды негізі бола алады. Бірақ халықаралық ұйымға мүшелік мәселесі мемлекеттердің егемендігіне, ұйымның құрылтай құжаттарына және ортақ шешім қабылдау тәртібіне байланысты.

Сондықтан түркі әлемінің мәдени кеңістігін кеңінен қарастыру мен Түркі мемлекеттері ұйымының саяси-құқықтық құрылымын анықтау мәселелерін бір-бірінен ажырата білу қажет.

РЕСЕЙ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ БОЛА МА?

Анкара саммитінен кейінгі талқылауларда жиі кездесетін сұрақтың бірі – Ресейдің Түркі мемлекеттері ұйымына қосылу ықтималдығы.

Бірақ ең алдымен толық мүшелік, бақылаушы мәртебесі және «ТМҰ+» форматындағы ынтымақтастық ұғымдарының арасында айырмашылық бар екенін ескеру керек.

Толық мүшелік ұйымның шешім қабылдау тетіктеріне және тиісті міндеттемелеріне қатысуды білдіреді. Бақылаушы мәртебесі толық мүшеліктен өзгеше қатысу тәртібін көздейді. Ал «ТМҰ+» форматы ұйымның үшінші елдермен және халықаралық құрылымдармен белгілі бір салаларда ынтымақтастық орнатуына мүмкіндік беретін дипломатиялық тетік болып саналады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Анкарадағы ұсынысы дәл осы екі баламаны – «ТМҰ+» форматы мен бақылаушы мәртебесін – қарастыруға бағытталды.

Сондықтан аталған бастаманы Ресейдің толық мүшелікке қабылдануы жөніндегі дайын шешім ретінде түсіндіру дұрыс емес.

Түркі мемлекеттері ұйымының 13-саммиті қорытындысында қабылданған Анкара декларациясында үшінші мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен байланыстарды дамыту мәселесі қамтылған. Алайда Ресейге толық мүше немесе бақылаушы мәртебесін беру туралы жеке шешім жарияланған жоқ.

Демек мәселе әзірше нақты шешім қабылданған мүшелік үдерісінен гөрі, болашақ ынтымақтастықтың ықтимал жолдарын қарастыру деңгейінде тұр.

Бұл жерде Түркі мемлекеттері ұйымының болашақ дамуына қатысты маңызды мәселе туындайды.

Ұйым үшінші елдермен ынтымақтастығын кеңейте отырып, өзінің құрылтай мақсаттарын, институционалдық дербестігін және шешім қабылдау тәртібін қалай сақтайды?

Өйткені халықаралық ұйымның беделі сыртқы серіктестерінің санымен ғана емес, оның ішкі бірлігімен, қабылдаған шешімдерінің тиімділігімен және мүшелерінің ортақ мүдделерді жүзеге асыра алу қабілетімен де өлшенеді.

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

2009 жылы Нахчыван келісімі негізінде басталған институционалдық үдеріс түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді. 2021 жылы ұйымның қазіргі атауын қабылдауы осы дамудың маңызды кезеңдерінің бірі болды.

Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы ортақ тарих пен мәдени мұраны дәріптейтін алаң ғана емес. Ол сауда, инвестиция, көлік, энергетика, цифрлық технология, білім беру және халықаралық дипломатия салаларында ынтымақтастықты дамытатын құрылымға айналып келеді.

Орта дәліздің мүмкіндіктерін кеңейту, Түркі инвестициялық қорының қызметін дамыту, сауда кедергілерін азайту және ортақ стратегиялық құжаттарды іске асыру – осы өзгерістердің нақты көрінісі.

Анкара саммиті де бұл үдерістің жалғасып жатқанын көрсетті.

Ал Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей жөніндегі ұсынысы Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық сериктестік аясын кеңейту мәселесін қайтадан алдыңғы қатарға шығарды.

Мұнда назар аударуға тұрарлық тағы бір жағдай бар.

Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық салмағы артып, оның экономикалық және саяси байланыстары кеңейген сайын, ұйымның сыртқы серіктестермен қарым-қатынасының сипаты да өзекті бола түспек.

Бұл табиғи дипломатиялық үдеріс. Өйткені халықаралық саясатта бірде-бір аймақтық ұйым сыртқы әлемнен оқшау өмір сүрмейді.

Сонымен бірге әрбір ұйымның қалыптасу тарихы, құрылтай мақсаты және институционалдық ерекшелігі болады. Түркі мемлекеттері ұйымының өзіндік сипаты – тәуелсіз түркі мемлекеттерінің ортақ тарих, тіл, мәдениет және өзара мүдделер негізінде бірлесуінде.

Сондықтан оның сыртқы серіктестік жүйесінің қалай дамитыны да осы ерекшеліктерімен бірге қарастырылуы тиіс.

АНКАРАДАН КЕЙІН ЖАУАП КҮТКЕН САУАЛ

Анкара саммиті аяқталды. Бірақ онда көтерілген мәселелердің саяси және дипломатиялық маңызы әлі де талқылана бермек.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге қатысты ұсынысы да осы тұрғыдан назар аударуға тұрарлық.

Тарихи деректер бұл мәселенің он жыл бұрын-ақ дипломатиялық күн тәртібінде болғанын көрсетеді. Сергей Лавровтың 2016 жылғы мәлімдемесі, Бинали Йылдырымның 2021 жылғы пікірі және Мәскеудің сол жылы Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуына қатысты білдірген ұстанымы – бүгінгі пікірталастың белгілі бір тарихи негізі бар екенін аңғартады.

Ал Анкарада жарияланған жаңа ұсыныс мәселені «ТМҰ+» форматы мен бақылаушы мәртебесі арқылы қарастыру мүмкіндігін алға шығарды.

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты, Ресеймен тарихи байланыстары және түркі әлемінің институционалдық дамуына қосып отырған үлесі бұл бастаманың дипломатиялық мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге Түркі мемлекеттері ұйымының келешегі тек жаңа мүшелерді қабылдау немесе сыртқы серіктестер санын арттыру мәселесіне тірелмейді.

Ұйымның шынайы әлеуеті ортақ экономикалық жобалардың жүзеге асуымен, сауда және көлік байланыстарының нығаюымен, мәдени мұраның сақталуымен және мемлекеттер арасындағы институционалдық үйлесімнің дамуымен айқындалады.

Түркі әлемі ғасырлар бойы түрлі саяси жүйелер мен ірі мемлекеттердің ықпал ету аймақтары түйіскен кеңістікте өмір сүрді. Ал тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан жаңа жағдай түркі мемлекеттеріне өзара ынтымақтастықты дербес саяси ерік пен ортақ институттар негізінде дамытуға мүмкіндік берді.

Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі негізгі мәселе Ресейдің Түркі мемлекеттері ұйымына қатысу-қатыспауы туралы сауалмен ғана шектелмейді.

Маңыздысы – түркі мемлекеттерінің өзара бірлігін нығайта отырып, тарихи көршілерімен және әлемдегі ірі державалармен қарым-қатынасын қандай қағидаттар негізінде қалыптастыратыны.

Анкарада бір саммит аяқталды. Бірақ оның аясында көтерілген мәселе түркі әлемінің алдағы онжылдықтардағы халықаралық орнына қатысты кеңірек ойлануға негіз болды.

Өйткені халықаралық ұйымның тарихи салмағы кімдермен қарым-қатынас орнатқанымен ғана емес, өз болашағына қатысты шешімдерді қаншалықты дербес әрі ортақ ерікпен қабылдай алатынымен айқындалады.

Сабахаттин Жан Айеш,
Еуразиялық зерттеулер бағыты бойынша PhD докторанты
Abai.kz

ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖАЗУ немесе ҒАЛЫМ МЕН ҚАЛАМГЕРДІҢ ҮНДЕСТІГІ

Қазақстанның оңтүстік өңірі – сан ғасырлық тарихтың көмбесі, көне өркениеттердің алтын бесігі. Осы өңірдің ашылмай жатқан сырларын ашып, отандық археология ғылымын әлемдік деңгейге көтерген тұлғалардың бірі әрі бірегейі – белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің профессоры Александр Николаевич Подушкин. Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен ғалымның отандық ғылымға қосқан жарты ғасырлық еңбегі жоғары бағаланып, ол «Парасат» орденімен марапатталды.



Жазушы-режиссер Доқтырхан Тұрлыбек және профессор Александр Подушкин

ӘУЛЕТТІК САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН

Александр Подушкинді заманауи археологияның биігіне шығарған – оның қажымас еңбегі мен әулеттік мектебі. Ол өз зерттеулерінде XX ғасырдың ортасында Оңтүстік Қазақстанның археологиялық картасын алғаш сызып, Отырар мен Арыс алқаптарын зерттеген әкесі – белгілі кеңестік археолог Николай Павлович Подушкиннің ісін лайықты жалғастырды. Әке жолын адал ұстанып, XXI ғасырда Кангюй мемлекетін зерттеуге жаңа серпін берген Александр Николаевич бұл бағытта 70 жылдан астам уақытқа созылған әулеттік зерттеудің көшбасшысына айналды. Ғалымның Шымкент қалашығынан тапқан жәдігерлері бұл шаһардың 2200 жылдан астам терең тарихы бар екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді.

Ғалым өз дәрістерінде бұл жаңалықтың басты мәніне тоқталып: «Еуропа ғалымдары бізді аборигендердей көруге бейім еді. Алайда Ұлыбритания аралдарына алғашқы цивилизация элементтерін Гай Юлий Цезарь біздің заманымыздың I ғасырында ғана апарса, біздің ата-бабаларымыз б.з.д. II ғасырдың өзінде-ақ іргелі мемлекет құрып, төл жазуын хатқа түсірген», – деп мақтанышпен атап өтті. Ең бастысы, бұл жазбалар көшпелі номадтарды батыс тарихнамасы айтатындай «қиратушы варварлар» емес, қала тұрғызған үлкен «жасампаз созидательдер» ретінде тарих сахнасына шығарды. Ғалымның айтуынша, 120 мың тұрақты әскері болған, құрамына бес локальды иелік *(Сусей, Фуму, Юни, Ги, Юягань)* және Самарқанд пен Чач аймақтары кірген бұл мемлекет өз заманында Қытайдың Хань империясымен деңгейлес ұлы держава болған. Күлтөбе керамикаларындағы алтын шежіресін жинақтаудағы ерен еңбектері тек қазба орнында қалып қоймай, кең ауқымды медиа кеңістікте лайықты насихатын тауып келеді. Профессор Александр Подушкиннің Кангюй өркениетіне қатысты ашқан әлемдік деңгейдегі сенсациялық жаңалықтарын – оның ішінде көне жазу мәдениетін, бірегей киім үлгілері мен ат әбзелдерін – халықаралық деңгейде кеңінен насихаттап, «Түркі әлемі» телестудиясы шығарған құнды бейнежазбалар мен арнайы дәрістер топтамасы арқылы көрермен санасына сіңіріп жүрген белгілі жазушы-режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Доқтырхан Тұрлыбек ағамызға ұлттық тарихымызды түгендегені үшін шексіз ризашылық білдіреміз.

Доқтырхан дайын еңбектерді насихаттап қана қоймай, өзі де Қаңлы мемлекетінің терең тарихын зерделеп, осы тақырыпта құнды ғылыми мақалалар жазып және арнайы деректі фильмдер түсіріп, бұл өркениеттің ашылмай келген қырларын ашуға зор шығармашылық әрі ғылыми үлес қосып келеді. Археолог-ғалымның табанды қазба жұмыстарымен тапқан жәдігерлерін өзінің ғылыми пайымымен және экран тілімен сөйлетіп, бауырлас халықтарға ортақ мақтаныш ретінде таратқан бұл мәдени миссия – нағыз отаншылдықтың үлгісі.

Осы орайда, Қаңлы тарихын бірге түгендеп жүрген Доқтырхан Тұрлыбектің өзіндік шығармашылық жолы мен бағындырған биік белестерін, жеткен жетістіктерін мақтанышпен атап өтуге болады:

Түркі әлемінің рухын көтеруге, бауырлас халықтардың бірлігі мен ортақ тарихын, соның ішінде Қаңлы мемлекетінің мұрасын ұлықтауға қосқан зор үлесі үшін ол «ТҮРКСОЙ» Алтын медалінің иегері атанды. Сондай-ақ Дүниежүзілік түркі тілдес халықтардың «Алтын сафран» кинофестивалінің жүлдегері атанып, отандық кинодокументалистиканың мерейін арттырды. Терең интеллектуалдық ізденістері үшін Халықаралық Санкт-Петербург Психология академиясының құрметті академигі болып сайланды.

Он жылдан астам уақыт бойы Алматы қаласындағы халықаралық деңгейдегі «Түркі әлемі» телестудиясын басқарып, түркітілдес елдердің мәдени-рухани көпіріне айналдырды. Ол алтын қорға енген 30-ға жуық құнды деректі туындының *(соның ішінде «Бекет ата жолымен», «Қаңлы», «Әйтеке бидің ақ жолы», «Мәшһүр Жүсіп», «Мұстафа Шоқай»)* авторы әрі режиссері.



Қаңлының ежелгі жазуы



Қаңлы мемлекетінің теңгелері

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТОҚТАУСЫЗ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Профессор Подушкин бұл бағыттағы зерттеулерін бір сәтке де тоқтатпай, жыл сайын далалық қазба жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді. Оның бұл еңбегі тек отандық емес, жақын және алыс шетелдік жетекші археологтар мен ғалымдардың басын біріктірген үлкен халықаралық жобаға айналды. Александр Николаевич Ресей, Франция, Ұлыбритания және Орталық Азия елдерінің көрнекті мамандарымен тығыз байланыста жұмыс істеп, бірлескен экспедициялар ұйымдастырды. Мұндай ауқымды халықаралық ынтымақтастық қазақ даласының көне тарихын әлемдік деңгейге сай дәл және жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді.

ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН КҮЛТӨБЕ ҚЫШ ТАҚТАЛАРЫ

Профессор Подушкиннің ең басты және сенсациялық жаңалығы – Түркістан облысындағы көне Күлтөбе қалашығынан табылған қыш тақталардағы жазулар. Бұл – біздің заманымызға дейінгі II–I ғасырлар мен біздің заманымыздың IV ғасырына тиесілі Кангюй мемлекетінің төл жазуы еді.

Бұл жазулардың құпиясын ашу үшін палеолингвистер жылдар бойы тер төкті. Кембридж және Лондон университеттерінің академигі, әлемге әйгілі британдық ғалым Николас Симс-Уильямс бұл мәтіндерді толық оқып шықты. Арамей графикасы негізінде жазылған, көне иран тілінің шығыс диалектісіне (кангюй немесе хаттамалық соғды тілі) жататын бұл жазулар Евразия даласында ерте мемлекеттілік пен архив ісінің жоғары деңгейде болғанын айғақтады. Мәтіндердің бірінде ежелгі Чач (қазіргі Ташкент) әскерінің қолбасшысы Сападани есімді тұлғаның «бау-бақшалы өлкеге» келіп, жаңа қала негізін қалағаны туралы тарихи-саяси оқиға баяндалады.

көне таңбалардың қазіргі қазақтың Қаңлы, Шанышқылы, Дулат руларының таңбаларымен дәл келуі – біздің мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде жатқанының бұлтартпас дәлелі.

ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСУ. АЛМАТЫ МЕН ТҮРКІСТАНДАҒЫ АШЫҚ ЛЕКЦИЯЛАР

Александр Подушкин – тапқан жаңалықтарын қалың бұқараға, жас буынға жеткізуді парыз санаған ұлағатты ұстаз. Ғалымның еліміздің ірі ғылыми орталықтары – Алматы және Түркістан қалаларында өткізген ашық лекциялары ғылыми қауымдастық пен студенттер арасында үлкен серпіліс тудырды. Ол өз дәрістерінде Күлтөбе жазуларының қалай табылғанын, оның жаһандық тарих үшін маңызын зертханалық дәлдікпен әрі тартымды баяндап берді. Бұл кездесулер жас ғалымдарды үлкен ғылымға жігерлендірген маңызды оқиғаға айналды.

ПАРИЖ ТӨРІНДЕГІ МОЙЫНДАУ ЖӘНЕ МОНУМЕНТАЛДЫ ЕҢБЕК

Бұл жаңалық Қазақстан шекарасынан асып, әлемдік ғылымды таңғалдырды. Александр Подушкин өз жаңалықтарын Франция Ғылым академиясының (Париж) төрінде жеке өзі таныстырған алғашқы қазақстандық ғалым атанды. Оның ашқан жаңалықтары халықаралық мінберлерде, TEDx платформасындағы танымал ғылыми дәрістерде және арнайы деректі жобаларда кеңінен көрсетілді. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеулердің заңды қорытындысы ретінде жарық көрген монументалды екі томдық «Государство Кангюй *(II в. до н. э. – IV в. н. э.)*» атты монографиясы көшпелілер империясының өмірін толық қалпына келтірген бірегей еңбекке айналды.

ҒЫЛЫМ МЕН ЭКРАН ТІЛІНІҢ ҮНДЕСТІГІ

Белгілі жазушы, режиссер Доқтырхан Тұрлыбектің Түркі дүниесінің рухани бесігі мен

Доқтырхан Тұрлыбек жазушы ретінде оңға жуық прозалық, сатиралық және ғылыми-танымдық жинақтардың авторы. Ол Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Ғалым Александр Подушкиннің археологиялық жаңалықтары мен Доқтырхан Тұрлыбектің Қаңлы мемлекеті туралы ғылыми мақалалары мен деректі фильмдері – бірін-бірі толықтырған, ұлттық кодты тіктеуге бағытталған ортақ үлкен еңбек. Түркі жұртының бірлігі мен тарихын түгендеп жүрген Доқтырхан ағаны лайықты халықаралық марапатымен құттықтай отырып, шығармашылық шабыт пен жаңа толағай табыстар тілейміз.

Ұлттық мүдде және шынайы тарих. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихты зерделеу мен жазу барысында бұрмалаушылыққа жол бермей, ұлттық мүдде тұрғысынан объективті қарау керектігін қатаң шегелеп айтқан болатын. Президент: «Ұлттың жадын күмәнді деректермен, бұрмаланған мәліметтермен улауға болмайды. Мұндай әрекет өткен күнге деген сенімді, келешекке деген үмітті әлсіретеді», – деп ескертті.

Профессор Александр Подушкиннің атқарып жатқан қажымас ғылыми ізденістері мен жазушы-режиссер Доқтырхан Тұрлыбектің оны халыққа жеткізген шығармашылық бірлігі – дәл осы Президент айтқан шынайы, нақты айғақтар мен бұлтартпас археологиялық жәдігерлерге негізделген тарихты қалыптастырудың жарқын үлгісі. Олардың ортақ еңбегі – қазақ даласының ұлы тарихын әлемге паш еткен бүкіл отандық ғылым мен мәдениет мектебінің үлкен жеңісі.

Құрманбек САҒЫНБЕКОВ,
заң ғылымдарының кандидаты
Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
университетінің доценті

• СӨЗ БЕН СУРЕТ



ҚАМШЫ МЕН ҚАЛАМ

(Сауытбек, сурет және саясат)

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кішкене күнімде қамшы ұстаған екенмін деп, кейін төріне қамшы іліп қоятын әдеті болған жоқ, әрине. Бірақ бәрібір қамшы ұғымы оған өмір бойы серік болды. Өзін қамшылады. Өзгелерді қамшылады. Намысты қамшылады. Соның бәрі әсер еткен шығар, кейін өзі де қамшы салдырмайтын болды.

Бала кезінде қолына қамшысын ілсе, есейе келе қалам ұстады. Ал сол қалам оған құт болды. Қалам ақпаратқа жол ашты. Ақпарат аппаратқа жақындатты. Соның арқасында ақпараттың да, аппараттың да мықты майталманына айналды. Тәуелсіз елдің Ақпарат министрі қызметін атқарды. Бас газетті басқарды. Министр болғанда, баяндамасын өзі жазатын басшы болды. Спичрайтердің қажеті болмады оған. Бас басылымды басқарғанда өзі үзбей мақала жазып отыратын қаламы жүйрік бас редактор атанғаны баршаға мәлім.

Абай атамыздың «Үсті-басы ақ қырау, түсі суық» дегені сияқты, бір қарағанда біздің кейіпкеріміздің де түсі тым суық. Ешкімге сырын алдырмайды. Әбден ашылғанша біразға дейін түсін де, ішін де бермей тұрады. Шынымызды айтсақ, күнде тынбай сөйлесіп, әдемі әзілдесіп жүргенімізбен, соншама салқынқанды қалпын көргенде өзіміз де едәуір абыржыңқырап қаламыз. Ал енді көңіл-күйі көтеріліп, қабағы жазылған соң рахат! Қалжыңы қиып түседі. Жай қалжың емес, қатпарлы қалжың! Астарлы ақиқат! Күлсе, шын күледі. Анекдот айтса, айналшық жегендей, жанынан шықпай қаласың.

Кіммен болса да тіл табысуға тырысады. Бірде не айтса да турасынан тартатын айбарлы ақын Ауытбек Мұқибек Сауытбек ағасына бір базына айтты. Мақаласы қысқарып кетті ме, әлде басқалай себеп болды ма, қазір нақты есте жоқ, Ауыт бауырымыз «Қолында Сауытбектің өткір қайшы...», – деп әзілдеп алып, үшбу хат жазған-ды. Талайды көрген Сәукең де тартынып қалған жоқ. Ол да ақын інісіне хат жолдады. Бұл тартымды тартыс ардақты аға мен ізетті інінің берекелі бәтуасымен аяқталды. Сол жолы «Сауытбектің Ауытбекке ноутбукпен жазған хаты» деген тікен тілді тіркес әдеби айналымға қосылды.

Сауытбек ағамның жақын-жуықтың тойында билегенін көрсеңіз. Үйлесімді қимылдайды. Осы күнгі жұлқынба бидің жеті атасын меңгерген. Бір биді бастаса аяғына дейін билеп шығады. Не нәрсені де орта жолдан үзіп тастау әдетінде жоқ. Бұл жағынан желіккен жастарды жолда қалдырады. Талай жыл шоң кеңсенің шенеунігі болған осындай салмақты адамнан мынадай әдемі де әсерлі би қалай шығады екен деп таң қалы-е-е-еп отырасыз.

Ақындыққа да кәдімгідей таласы болды. Жұрт көктем-сөктем, қыз-пыз, жүрек-пүрек, жапырақ-топырақ туралы жабыла жазса, Сәукең әуелі қалаған тақырыбының саяси мән-маңызын нақтылап алады. Ол бала кезіндегі алғашқы өлеңін пролетариат көшбасшысы Ленинге арнады. Онысы көсемнің жүз жылдығына орай шығарылған аудандық газеттің арнаулы санында жарық көрді. Бірақ одан кейін өлең өлкесіне қадам басқан жоқ. Сірә, тумысынан талғампаз ақын Лениннен кейін басқалай ұсақ-түйек тақырыптың деңгейіне түскісі келмеген болар. Бір-ақ өлеңімен қазақтың қоғамдық-саяси лирикасының отын көсеп, шоғын маздатқан ұстанымы берік ширақ шайырға күн көсемнің рухы риза шығар...

Сауытбек ағам сатиралық әңгіме де жазды. Сол дүниесіне орақ тілді Оспанханның өзі жоғары баға берді. Егер ол осы жолды қуа бергенде бүгінгі әңгімемізді «Қазақ сатирасының сардарлары Ғаббас Қабышұлы, Мыңбай Рәш, Көпен Әмірбек, Сауытбек Абдрахманов...» деп сабақтап-салмақтап отырар ма едік, кім біледі...

Ең алғашқы арманына тастай қатса, баршаға танымал футболшы болып, қақпаның қара құлпы атанар еді. Бүгінде «Қайраттың» қақпасын қас қақпай күзеткен Құралбек Ордабаев екеуін қатар ұлықтап жүрер ек. «Ақынбыз деп қақпай-ақ кеудемізді, Айналамыз таниды кейде бізді. Футболистер сияқты жанкүйерге, Жыртып-жыртып бермей-ақ жейдемізді» деп Жарасқан ағам жырлағандай, №1 ойыншы Сауытбек Абдрахманов бәрібір өз командасының капитаны болар еді.

Сөйтіп, ол балауса шағында бірнеше салада бағын сынады. Қай салаға олжа салса да, көш бастайтыны анық-ты. Қабілетті адам бір жерден әйтеуір жарып шығатыны белгілі. Жүйріктің аты – жүйрік. Түбінде бір бәйгеден келеді. Солай болды да.

Кейіпкеріміздің қоғамдық-саяси қызметі елдің бәріне таныс. Талайлар шиырлаған жолды қайта таптап қайтеміз. Біз қамшы мен қаламды арқау етіп, саясаттан тыс Сәукең туралы жаздық. Ағымыздан жарылайық, жұрт ұғымындағы сірескен саясаткерден гөрі сол Сәукең өзімізге көбірек ұнайды... «Бозбаласың саяси, көзқарасың саяси» деп тынымсыз термелетпей-ақ,.. жылы ағыспен жылжыған жақсы емес пе, а?!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

Көрнекті кинорежиссер, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Абдолла Қарсақбаевтың туғанына – 100 жыл

КАННДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ЖҮЛДЕСІ

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылық мұрасы және қазақ киносының халықаралық мойындалуы

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Менің атым – Қожа»: қазақ киносының халықаралық табысы

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылық жолындағы елеулі белестердің бірі – Бердібек Соқпақбаевтың повесі негізінде түсірілген «Менің атым – Қожа» фильмі. 1963 жылы түсірілген бұл туынды қазақ балалар киносының ғана емес, тұтас ұлттық кинематографияның көрнекті жетістігіне айналды.

Фильмнің басты кейіпкері Қожа – тентектігімен қатар, шынайылығымен, арманшылдығымен және ішкі жан дүниесінің тазалығымен ерекшеленетін бала. Оның мінезі мен басынан кешкен оқиғалары арқылы режиссер балалық шақтың күрделі де қызықты әлемін нанымды жеткізді.

1967 жылы фильм Канн халықаралық кинофестивалінде көрсетіліп, «Балаларға арналған ең үздік шетел фильмі» арнайы сыйлығына ие болды. Бұл оқиға қазақ киносының халықаралық деңгейде танылуына жол ашқан маңызды жетістіктердің бірі еді. Қожаның бейнесі шетелдік көрермендердің қызығушылығын тудырып, фильмнің көптеген тілге аударылуына ықпал етті.



Осылайша, Абдолла Қарсақбаев қазақ баласының бейнесі арқылы ұлттық мәдениетті әлемге танытып, отандық кино өнерінің халықаралық беделін арттыруға зор үлес қосты.

Өнердегі мінез бен азаматтық ұстаным

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылығын еске алғанда, оның кәсіби шеберлігімен қатар, азаматтық ұстанымы мен қарапайым болмысы да назар аудартады. Ол ұлттық ерекшелікті сақтауға, көркемдік шындыққа адал болуға және әрбір туындының мазмұнына терең жауапкершілікпен қарауға ұмтылды.

Қазақстанның халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұржұман Ықтымбаев өз естеліктерінде режиссердің қарапайымдылығын, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін және шығармашылық батылдығын атап өткен. Оның естеліктерінен Абдолла Қарсақбаевтың атақ пен даңқтан гөрі, халыққа қызмет етуді жоғары қойған тұлға болғанын аңғаруға болады. Ол:

– Біз алты ағайындымыз: мен, Нұрлан Сегізбаев, Досхан Жолжақсынов, Гүлнәр Дүсматова, Болат Қалымбетов және Қырғызстанның халық әртісі Әшір Чокубаев. Өйткені, кинодағы әкеміз бір, ол - Абдолла Қарсақбаев.

Жазушы Камал Смайыловтың естеліктері де режиссердің шығармашылық талапшылдығын айқындай түседі. Ол фильм сценарийіне қатысты мәселелерде дайын шешіммен шектелмей, туындының көркемдік сапасын жақсартуға ерекше мән берген. Бұл қасиет оның кәсіби ұстанымының берік болғанын көрсетеді.

Балалар киносының атасы, корифейі бір топ атақты шәкірттер тәрбиеледі. Басқа да белді-белді өнер адамдарын өзіне жақын тартып, оларды фильмдеріне атсалысуға шақырды. Ол достыққа өте адал еді. Оның достары – қолдаушылары Олжас Сүлейменов, Сұлтан Қожықов, Кененбай Қожабеков, Нұрғиса Тілендиев тағы басқа да сол кездегі зиялы қауым өкілдері еді. Тіпті Кененбай Қожабековке туған баласындай қамқорлық жасап, қолдау көрсетті.

Канн кинофестивалі және әлемдік кинематография

Канн халықаралық кинофестивалі әлемдегі ең беделді әрі мәртебелі кинофестивальдердің бірі саналады Жыл сайын Францияның Канн қаласында өтетін бұл фестиваль әртүрлі елдердің кинематографистерін біріктіріп, заманауи кино өнерінің үздік үлгілерін халықаралық көрерменге ұсынады. Фестивальдің басты марапаты – «Алтын пальма бұтағы». Сонымен қатар Гран-при, қазылар алқасының жүлдесі және үздік режиссура үшін берілетін марапаттар да ерекше беделге ие.

Алғаш рет 1946 жылғы 20 қыркүйек пен 5 қазан аралығында Францияның оңтүстік-шығысындағы Прованс, Алпі аймағында Жерорта теңізінің әсем жағалауындағы Канн курортты қаласында өткізілді. 1951 жылдан бастап фестиваль көктем мезгілінде тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

2026 жылы өткен фестивальде қазылар алқасына оңтүстіккореялық кинорежиссер, сценарист әрі кинопродюсер Пак Чхан Ук төрағалық етті. Ол корейлік және халықаралық кинофестивальдердің бірнеше мәрте лауреаты атанған. Оның шығармашылық жетістіктерінің қатарында Канн кинофестивалінің Гран-приін алған «Олдбой» фильмі, «Қазылар алқасының жүлдесіне» ие болған «Құштарлық» туындысы және «Кетуді шешу» фильмі үшін берілген үздік режиссура марапаты бар. Сондай-ақ ол Венеция кинофестивалінің «Күміс арыстан» жүлдесін және Берлин кинофестивалінің «Алтын ау» марапатын иеленген.

2026 жылғы фестивальде ресейлік режиссер Андрей Звягинцевтің «Минотавр» көркем фильмі Гран-при мен үздік саундтрек үшін жүлдеге ие болды. Бұл да кино өнеріндегі режиссерлік ізденіс пен музыкалық шешімдердің көркем туындыны бағалаудағы маңызын көрсетеді.

Ұлттық мұра – әлемдік мәдениеттің бір бөлігі

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылық мұрасы – қазақ киносының ғана емес, тұтас ұлттық мәдениет тарихының маңызды бөлігі. Оның көркемдік қуаты жоғары туындылары жылдар өтсе де өзектілігін жоғалтпай, көрерменнің рухани әлемін байытып, жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беріп келеді. Режиссер өз фильмдері арқылы қазақ халқының болмысын, ұлттық мінезін, салт-дәстүрін және адамгершілік құндылықтарын шынайы бейнелеп, ұлттық өнердің өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды.

Әсіресе Бердібек Соқпақбаевтың повесі негізінде түсірілген «Менің атым – Қожа» фильмі қазақ киносының тарихында айрықша орын алады. Қожаның шынайы мінезі, балаға тән арманшылдығы, ішкі жан дүниесі мен өмірге деген көзқарасы арқылы режиссер ұлттық кейіпкердің жарқын бейнесін жасады. Фильмнің 1967 жылы Канн халықаралық кинофестивалінде арнайы марапатқа ие болуы қазақ киносының халықаралық деңгейде танылуына жол ашқан маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл жетістік ұлттық өнердің әлемдік мәдениет кеңістігінде өзіндік орны бар екенін дәлелдеді.

Абдолла Қарсақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Қилы кезең», «Алты жасар Алпамыс» және басқа да туындылары қазақ киносының алтын қорынан лайықты орын алды. Оның фильмдерінде адам тағдыры, туған жерге деген сүйіспеншілік, ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық құндылықтар терең көрініс тапты. Режиссердің шығармашылық мұрасы бүгінгі кинематографистер үшін де маңызды тәжірибе әрі шабыт көзі болып қала береді.

Биыл көрнекті режиссердің туғанына 100 жыл толуына орай оның өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылық артып, ұлттық кино өнерінің тарихындағы орнына жаңаша көзқараспен үңілуге мүмкіндік туып отыр. Абдолла Қарсақбаевтың мерейтойын ЮНЕСКО аясында атап өту – оның шығармашылық мұрасының ұлттық шеңберден шығып, әлемдік мәдениет үшін де маңызға ие екенін көрсететін ерекше оқиға. Бұл – қазақ киносының көрнекті өкілін халықаралық деңгейде танытуға, оның туындыларын кеңінен насихаттауға және ұлттық мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам. Былтырдан басталған іс-шаралар, жұмыстар биыл да Алматы облысы бастап беріп, ЮНЕСКО деңгейінде өз жалғасын тауып жатыр. Қарсақбаевтануға жол ашылып, екі зерттеу кітабы жарық көрді. Олар: режиссер қазақстандық танымал кинотанушы, өнертану саласының докторы (PhD), Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (ҚазҰӨА) оқытушысы Ержан Жұмабековтің докторлық жұмысы мен монографиясы және осы оқу ордасының оқытушыларының зерттеу еңбектерінің жинағы. Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасында «Кино әлемінің кемеңгері» атты әдеби-сазды кеш өткізілді. Алматы облысы Жамбыл ауданы Жаңақұрылыс ауылындағы А.Қарсақбаев атындағы орта мектепте «Қазақ киносының классигі – Абдолла Қарсақбаев» атты мерекелік кеш өткізілсе, Алматы облыстық мәслихатының депутаты, кәсіпкер Дәулет Жарасбаев деректі повесть жазып, өз қаражатына кітап етіп шығарып, ағылшын тіліне аудартты. Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы «Қазақ киносының классигі» атты мақала жазып, газет-журналдарда жарияланды. Журналист Исмаилжан Иминов «Казахстанская правда», «Огни Алатау» газеттерінде орыс тілінде мақалаларын жариялады. Сонымен қатар Жамбыл аудандық кітапханасында бірқатар мазмұнды іс-шаралар өтті. Жамбыл ауданының барлық мектептерінде, жазда жазғы балалар лагерлерінде ашық аспан астында фильмдері көрсетілді. Жамбыл ауданында Қаншеңгел-Қопа арасында 100 жылдыққа жүз шақырымдық аламан бәйге ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралардан да басқа спорттық шаралар, тарихи-танымдық кештер, кездесулер ұйымдастырып, өткізіліп жатыр. Осы іс-шаралардың өткізілуіне атсалысып жүрген, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық Мәдениеттерді жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы мен А. Қарсақбаевтың келіні, продюсер, кино маманы Майра Қарсақбаеваның еңбегін ерекше атап өтуге болады.

А. Қарсақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетіндіктен бірнеше іс-шаралар халықаралық деңгейде де жүзеге асып жатыр. Алдымыздағы айларда Халықаралық «ТҮРКІСОЙ» ұйымында және қорытынды ретінде Францияның Париж қаласында орналасқан ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде кең ауқымда іс-шара өтеді.

Абдолла Қарсақбаевтың өмірі мен шығармашылығы – кәсіби адалдықтың, ұлттық болмысқа құрметтің және өнерге деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Оның фильмдері арқылы қазақ халқының рухани дүниесі, мәдени құндылықтары мен ұлттық ерекшелігі әлемге таныла бермек. Уақыт озған сайын режиссер мұрасының мәні тереңдеп, туындыларының тәрбиелік және көркемдік маңызы арта түсетіні сөзсіз.

Өнердің өлмейтіні рас қой... Ұлттық мәдениеттің құнды мұрасы ретінде Абдолла Қарсақбаевтың есімі мен шығармалары қазақ киносының тарихында мәңгі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырлармен жалғасып әлі де жүре бермек.

С. ӘШІМОВА,
ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық Мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары, PhD

"Жақсының аты, ғалымның хаты өлмес" деген дана халқымыздан қалған ұлағатты сөз бүгін тағы ұлықталғандай. Есімі де, артында қалған еңбегі де ел есінде мәңгі қалған әйгілі профессор, қайраткер Темірбек Қожекеевтің бүгінде туғанына 100 жыл толып отырған тұлғаның мерейтойы еліміздің түкпір-түкпірінде атап өтілуде. Осыған орай Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқу ордасының Журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебінің Журналистика және медиаөнер кафедрасының ұйымдастыруымен, Қазақстанның бас редакторлар клубының қолдауымен белгілі ғалымның ғасырлық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ТӘЛІМДІ ДЕКАН



Ірі шараға Құрылтай депутаттары, ғалымдар мен журналисттер, Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы Айна Дүйшекеева, Түркиядан Ниде Омер Холисдемир университетінің профессоры Локман Зор және басқа 30-дан астам ғалымдар мен медиатұлғалар белсенділікпен қатысты.

Алқалы жиын елдегі Жалпыұлттық аза тұту күніне байланысты бір минуттық үнсіздікпен басталды. Тағзым етілген соң, Т.Қожакеевті еске алу бейнетаспасы қосылып, кейін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мерейтойға орай жолдаған хатымен жалғасты. Министрдің жүрекжарды тілегін университет проректоры Бейсенбай Ардақ Бақытұлы баяндады. Журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебінің директоры Нұржан Қуантайұлы алқалы жиынның тізгінін ұстап, Темірбек Қожекеевтің қазақ филологиясы мен журналистикасында алатын орнын, сондай-ақ бұл басқосудың жас ұрпақ үшін маңыздылығын ашық айтты.



Отандық журналистика тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ірі тұлғалардың бірегейі Темірбек Қожакеев белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор және сатира теориясының іргетасын қалаушы. Ол қазақ әдебиеттану ғылымында бұрын-соңды жүйелі зерттеле қоймаған сатира мен фельетон жанрын іргелі ғылым деңгейіне көтерді. Ғалымның «Қазақ сатирасы», «Сатира негіздері» сияқты ондаған іргелі кітаптары мен оқулықтары шыққан. Т.Қожакеев үшін сатира, жай ғана күлкі емес, қоғамдағы мінді түзейтін, ұлт санасын оятатын өткір де сұсты қару еді.

Ғалымның өмірінің айтулы кезеңі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтті. Ол кісі басшылық еткен тұста журналистика факультетінде темірдей тәртіп пен жоғары талап орнады. Шәкірттерінің арасында «Темір декан» атанып, сырт көзге сұсты әрі қатал көрінгенімен, жүрегі жұмсақ, шәкірті үшін жанашыр ұстаз болды.

Ғалымның бұл талапшылдығы отандық журналистиканың сапасын көтеруге, баспасөз бен медиа саласына адал, білікті кадрлар даярлауға бағытталды. Бүгінде еліміздің баспасөз, телевидение саласында жүрген аға буын өкілдерінің басым бөлігі – дәл осы «Қожекеев мектебінен» тәлім алған шәкірттер.

Сатира серкесін еске алған қонақтар өз баяндамаларында ғалым өмірінен қызықты естеліктер айтып, оның болмысын аша түсті. Шарада салмақты сөз сөйлеп, пайым жасаған профессор Намазалы Омашев: «Бүгінгі конференцияда әркім өздері білетін ерекше естелігімен ғалымды еске алып, болмысын ашып жатыр. Менің де айтарым бар. Темірбек Қожекеев, ең алдымен ғалым, содан соң журналист. Ол кісі өмір бойы сатира жазып қана қойған жоқ, оны ғылым ретінде терең зерттеді. Сондықтан бүгінгі сөзімді тек естелікпен шектемей, ғылыммен байланыстыруым керек», – деді ол. Сондай-ақ профессор бүгінгі журналистикаға қажетті дүниелердің көбін Темірбек Қожекеевтің еңбектерінен табуға болатынын ерекше атап өтті. «Бұрынғы газет-журнал мен телевидениедегі сатира жанрлары бүгінде әлеуметтік желідегі блог, рилс, посттармен алмасты. Ал жасанды интеллект дамып, журналистің техникалық жұмыстарын жеңілдетіп, қолын босатты. Олай болса, бүгінгі журналистің негізгі миссиясы қандай? Осы сұрақ төңірегінде терең ойлануымыз керек», – деп қазіргі медиа кеңістігіндегі өзекті мәселені ортаға салды.

Шараға қатысқан зиялы қауымның көбі Т.Қожакеевтің шәкірті болған. Олар ұстаз бойындағы талапшылдық пен қаталдықты, сол мінезбен қатар жүретін ерекше жанашырлықты, тәрбие берудегі дара орнын тебірене еске алды.

Жиында сөз алған Шархан Қазығұл: «Өмірде маған қанша адам ұрысты, бірақ ешқайсысы есімде қалған жоқ. Ал Темкеңнің ұрысқанына, міне, 50 жыл өтсе де, сөзі әлі құлағымның ұшында тұр. Біз кезінде жақсы, тәртіпті пионер болған жоқпыз. Сол үшін де бізді қатарға қосып, адам қылу жолында Темкең талай тер төкті», – деп деканының өмірінде алған орнын айтып тебірене еске алды.

Естеліктер легін жалғастырған Дандай Ысқақов ардақты ғалымның ұлы Мадетке бұрылып: «Бірде Асқар Сүлейменов, Темірбек Қожекеев, Қайрат Жұмағалиев, Нұрғали Нүсіпжанов – бәріміз бір үйде дастархандас болған едік. Сонда мен сенің әкең мен анаңды үйлеріне өзім апарып тастағанмын», – деп ағынан жарылды. Қалжыңға толы бұл естелік залдағы қонақтарды дүркүлдіріп, жиналған қауымның жүзіне жылулық ұялатты. Бірақ, бұл әңгіменің негізі сатираның серкесін еске алып қана қою емес, оған деген ыстық сағыныш, ризашылық пен мақтанышы секілді көрінді. Мұның өзі Темірбек Қожекеевтің шәкірттеріне сіңірген мықты тәрбиесі мен темірдей тәртібінің жемісі болса керек.

Әрине, бұл алқалы жиында асау журналистің туған ұлы сөз сөйлемей қалмады. Мадет Темірбекұлы Қожекеев әкесіне деген шексіз сағынышын айта келе, замандастары мен шәкірттері ол туралы істық естеліктері туралы сөз қозғағанда көңілі босап, толқығанын жасырмады. Сонымен бірге ол студенттердің бұрынғы қызықты сәттерін де тілге тиек етті. Қатал да талапшыл әкесі жатақханаға келе жатқанда, студенттерге жүгіріп барып, алдынала айтып қояды екен. Сонда деканның келе жатқаның біліп алған студенттердің біразы, жандарын сақтап, сөгіс пен жазадан аман қалады екен. Бұл әңгіме келген қонақтардың жүрегін елең еткізбей қоймады. Сөз соңында ол ғалым мұрасын ұлықтап жатқан ұйымдастырушылар мен залдағы қауымға ризашылығын білдірді.

Тағылымды да тартымды кездесудің салтанатты түйінінде қуаныштың арты қуанышқа ұласып, Темірбек Қожекеевтің 100 жылдық мерейтойына арналған арнайы мерекелік төсбелгілер табысталды. Бұл мәртебелі марапатты ғалым мұрасын зерттеуге және отандық ғылым мен білімнің дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар көрнекті тұлғалар Ерлан Сыдықов, Бауыржан Омаров, Дархан Қамзабекұлы Мыңбай, Дихан Қамзабекұлы, Бибігүл Жексенбай бастаған Дандай Ысқақұлы, Нұржан Қуантаев, Намазалы Омашев, Нұртөре Жүсіп, Ержан Байтілес, Серік Негимов, Қайнар Олжай, Шархан Қазығұл, Кенжеғали Жұмағұлов, Қайрат Сақ, Айтмұхмбет Есдәулет, Ғалымжан Елшібай, Аязби Бейсенқұлов, Базарбек Түкібаев, Гүлмира Сұлтанбаева, Мейрамхан Жәпек, Гүлмира Әшірбекова, Мұратбек Тоқтағазин, Амангелді Шурентаев, Бибігүл Жексенбай алды.

Осылайша сатираның атасын, жан-жақтан келген ғалым шәкірттері еске алып, осындай мазмұнды, көңілге жағымды әңгімелер мен ғылыми баяндамалар жасап, жаңа ойларын қосты. Көзі тірі болмаса да артынан қалған еңбегі бүгінге дейін елеулі. Бар ғұмырын ғылым жолына арнаған Т.Қожакеевтің сіңірген еңбегі, студенттердің ілім алу жолында қазірдің өзін де орасан зор пайдасы тиіп жатқаның сезген Темірбек Қожекеев атамыз, бүгін бір аунап түскен болар.

Тамирис ҚАЛИАКПЕР,
ЕҰУ-нің студенті



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

БІР КЕМ ДҮНИЕ

(Әңгіме)

Тай құлындай тебісіп өскен құрдасым Сәкеннің науқастанып жүргенін сырттай естіген болатынмын. Кеше кешкісін досымның құдай қосқан қосағы Қарлығаш телефон соғып хабарласты. Жайшылықта ақжарқын келіншектің дауысы қарлығыңқырап, көңілсіз шықты.

– Дәркеш, бір шаруамен хабарласып отырмын, – деді досымның әйелі қысқа амандықтан соң. – Алғашқыда онша мән берген жоқ едік, Сәкен досыңның дерті қиындау болып тұр. Қатерлі ісіктің диагнозы анықталып, екі рет облыс орталығындағы онкологиялық ауруханаға жатып шықты, қазір тәуір. Сенің қолың бізге қарағанда ұзындау ғой. Мүмкін болса, Алматыдағы білікті дәрігерлерге бір қаратып алғаның дұрыс болар еді. Өзіне айтсам, бәрі дұрыс деп ат-тонын ала қашады. Сақ болсаң, құдай сақтайды. Амалдың жоқтығынан өзіңмен хабарласып отырмын, Дәркеш!

Бүгін ғана «Қайрат» чемпион атанып мәз-мәйрам болып отыр едім, көңілкүйім күрт түсіп кетті.

– Қарлығаш, уайымдай берме! Баяғы заман емес, қазір медицина дамыған, – дедім Қарлығашты жұбатып. – Сәкен тезірек келсін, республикалық онкологиялық ауруханының Бас дәрігері жақсы араласып жүрген жолдасым. Қажет болса жатқызып, емдетейік.

– Мына айтқаның дұрыс болар еді, рахмет, Дәркеш! – деп Қарлығаш қуанып кетті. – Мен Сәкенге сәлеміңді жеткізейін. Билет алудың қамына кірісе берейік.

Сол кеште жүрегім бірдеңеден секем алып, түннің біраз уақытына дейін ұйықтай алмадым. Көз алдымнан Сәкен досымның күлімсіреген бейнесі кетпей қойды. Үлкен шаруашылықтың бір бөлімшесі саналатын небәрі алпысқа жетер-жетпес шаңырағы, айына бір рет кино көрсететін ескі клубы, шағын дүкені бар кішкентай ауылдың тұрғындары өте тату-тәтті өмір сүріп жатты. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, үйлеріне құлып салмаған заман болған деп айтып жатамыз. Біз бала кезімізден ынтымағы мен берекесі жарасқан ортада өстік. Ораза кезінде ауыз ашатын қариялардың қолына су құюға, бата алуға бала біткен таласушы едік. Қазір ойласам, таң қаламын. Кішкентай ғана ауылда біз қатарлас 22 бала болды. Екі командаға бөлініп, өзіміз жасаған алаңда футбол ойнап, жердің шаңын шығарып жататынбыз. Сол балалардың ішінде мен үшін Сәкеннің орны бөлек болды. Құрдас болған соң, арамыздан қыл өтпейді, бірге ойнаймыз. Екеуміз де кітап десе, ішкен асымызды тастап жүре береміз, жарыса оқимыз. Ауылдағы шағын клубта кітапхана бар да, кітапханашы жоқ. Неге екенін білмейміз, олар тұрақтамайды. Жаңа кітапханашы әрі кетсе екі ай жұмыс істеп, отырған орнынан су шыққандай тайып отырады. Ауылдық кітапхана болса да, оның қоры бай. Мені оқы дегендей, сіресіп тұр. Бірде кітапханашы болмай кітапхана үш ай жабық тұрды.

Кеше Сәкен екеуміз ауылдың жанындағы өзенге барып балық ауламаққа келіскен болатынбыз. Таңертең ерте тұрып, таңғы шайымды шала-пұла ішіп, кешке дайындап қойған қармағымды асығыс алып үйден шықтым. Досымның үйі мен біздің тоқал тамның арасында басқа шаңырақ жоқ. Апам айтпақшы, табақаяғы араласып жатқан құдайы көршілерміз. Мен үйден жүгіре шыққанда, жанына Жолбарысты ертіп Сәкен қарсы келе жатты. Жолбарыс арсалаңдап, маған асылды. Бұл – мені жақсы көріп, еркелегені. Бір қарап-ақ адам жанын түсіне қоятын ақ иттің иесі Сәкен болғанмен, ол екеумізге ортақ. Досымның нағашы атасы әкеліп берген сүйкімді ақ күшікті көрші бала екеуміз ерекше жақсы көрдік. Бар жылы-жұмсағымызды соның аузына тосамыз, еркелетіп ойнатамыз. Жолбарыс та бізді айырықша жақсы көреді. Үйшігі көрші үйде болса да, кешке таман бізге соғып, маған асылып ойнайды. Мұнысы – ертеңге дейін деп менімен қоштасқаны. Өзен мен ауылдың арасы ары кетсе екі шақырым. Сәкен екеуміз суға қармақ салып, өткен аптада клубта көрсетілген киноны айтып отырдық.

– Дәркеш, кеше ақсақ пошташы Афанасий әкелген «Қазақстан пионері» газетін оқыдың ба? – деп досым менің жауабымды күтпестен, сөзін жалғастырды. – Екеуміз жақсы көретін жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесті бойынша кино түсіретін болыпты.

– Бердібек ағаның «Балалық шаққа саяхат» повесі өте қызықты кітап, оқи бергің келеді. «Менің атым – Қожа» да Бекташ көкем айтпақшы, қатқанский шығарма. Енді кино түсірсе, тіпті тамаша болар еді, – дедім бас бармағымды көрсетіп.

– Дәркеш, сенің Бекташ көкең совхоз орталығындағы кеңседе жұмыс істейді емес пе? Біздің клубтағы кітапханаға кітапханашы қашан келеді соны сұрап білші.

– Ой, Сәкентай, бұл жөнінде күнде ызыңдап сұраймын. Көкем де ештеңе білмейді, – дедім судың үстіндегі тыптыныш тұрған қалтқыдан көз алмай.

– Дәркеш, саған бір құпия айтайын ба? – деді Сәкен сөзімді ешкім естіп қоймасын дегендей сақтана сөйлеп.

– Айт, ол не қылған құпия?

– Апамның клубтың тазалығына жауапты екенін білесің ғой, – деді Сәкен дауысын жайлап шығарып. – Кеше клубтың ішін, кітапхананы тазалауға көмектестім. Білесің бе, әлі сөрелерге қойылмаған жаңа кітаптарды көргенде, көзім жайнап кетті. Әлгі екеуміз жарыса оқитын француз жазушысы бар емес пе? Аты кім еді?!

– Жюль Верн бе?

– Иә, сол. Өзі мықты жазушы, түбін түсіріп жазады. Екеуміздің қолымыз жетпей жүрген «Капитан Гранттың балалары» романын көргенде, тұрған орнымда қатып қалдым.

– Шын айтасың ба, Сәкен!

Мен орнымнан тұрып кеттім.

– Өләки, біләки, – деді құрдасым жүрек тұсын ұстап. – Оған сенбесең, пионер атымен ант берейін!

– Сәкентай-ау, саған не болды, соншама ант-су ішіп! Сен өтірік айтпаса бойына ас батпайтын Кәкіш емессің ғой. Қазір менің есіл-дертім әлгі сен айтқан кітаптарда. Балық аулауды тастай салып, клубқа қарай жүгіріп кеткім келіп тұр. Бірақ, кітапхана жабық, кітапханашы әпкей жоқ. Ол кісінің қашан келетіні, апам айтпақшы, бір құдай біледі, – дедім мұрнымды бір тартып қойып.

– Менде бір жоспар бар, – деді құрдасымның екі көзі жарқ етіп.

– Ол қандай жоспар? – деп досыма жақындай бергенімде, қолым балық салатын шелекке тиіп кетіп, төңкеріліп түсті.

– Давай, Дәркеш, әлгі мен айтқан кітаптарды ұрлап оқиық, – деді Сәкен маған тік қарап. – Қорықпа, оқып болған соң, орнына қоямыз.

– Сені жын ұрып кеткен бе? Сонда екеуміз ұры атанамыз ба? Жетпегені осы еді. Әлі жасамаған ұрлығымның үстінен біреу түскендей, орнымнан тұрып кеттім.

– Түу, өзіңді батыр бала деп жүрсем, өз көлеңкесінен қорқып қашатын қояннан да қорқақ екенсің. Бұл ұрлыққа жатпайды, оған Құдай куә, – деп Сәкен құпия «жоспарын» айта бастады.

– Кітапхананың күн батыс жағындағы үлкен терезенің әйнегін алып, мен ішке кіріп, кітаптарды саған беремін. Сонан соң, үй жаққа тайып тұрамыз.

– Бұл жоспарың шикілеу, – дедім басымды шайқап. – Терезе екі қабатты екенін білмейсің бе? Әйнекті аламыз деп жүріп сындырып алып, масқарамыз шығып жүрмесін.

– Олай болса, басқа амалын қарастырайық, – деді Сәкен. – Кілт біткен апамның қолында, үнемі ас үйде ілініп тұрады. Байқатпай соны ұрлаймын, басқа жол жоқ.

Екі дос үнсіз қалдық. Екеуміздің бір елі қалмайтын Жолбарыс «Әй, екі құрдас, не бүлдірейін деп жүрсіңдер?» дегендей, құйрығын бұлаңдатып бізге кезек-кезек қарап қояды.

– Бір ұрлық істейміз деп екі рет ұрлық жасайтын болдық. Өстіп-өстіп баукеспе болып кетпейміз бе? – дедім қармағымды жинастырып жатып. – «Кітап ұрлау» операциясын жүзеге асыруға екеуміз аздық етеміз. Сен кітапханаға кіргенде, мен сыртта тұруым керек. Клубқа кіре берісте сенімді біреуді қойғанымыз жөн. Бекташ көкем айтпақшы, сақ болайық. Қарға да бір шоқып, екі рет қарайды.

– Бұған бірге оқитын Батырды қосайық, сенімді бала. Оның үстіне ол да нағыз кітапқор, оқымағаны жоқ.

– Жарайсың, достым! Кейде басың істеп кетеді, – деп Сәкеннің арқасынан қақтым. – Мынауың дұрыс! Бәрі ойдағыдай, – дедім Сәкенді қостап. – Тағы да ескеретін бір жай бар. Біздің ұрлық жасап жүргенімізді апаң байқап қалмасын. «Операцияны» түс кезінде атқарған жөн. Шілденің аптап ыстығы жер бетін қуырып тұрғанда, көшеге адам тұрмақ, ит те шықпайды. Сәкен, ұмытып барады екенмін, егер апаң мына кітаптарды қайдан алдың деп сұрай қалса, менен алған боласың. Алған кітаптарды бүлдірмей, таза ұстауға бірден келісейік. Жаңа кітапханашы сезіктеніп жүрмесін. Ең дұрысы – кітаптарды газетпен қаптайық. Батыр жақсы бала, бірақ кейде Қожанасыр сияқты аңқаулығы бар. Байқамай біреуге айтып қоймасын. Олай болса, бүкіл ауылға масқара боламыз. Бұл үшеуміздің ғана құпиямыз болып қалады. «Кітап ұрлау» операциясына сен басшы боласың, командирсіз болмайды. Батыр екеуміз айтқаныңды екі етпей орындаймыз.

– Сенімдеріңді ақтауға тырысамын, – деді құрдасым аузын толтыра сөйлеп. – Ертең ауылдың шетіндегі атқорада кездесіп, «операцияны» тағы бір пысықтап алайық. Батырға бүгін кешке өзім айтамын.

«Кітап ұрлау» операциясы ойдағыдай



жүзеге асып, Сәкен, Батыр үшеуміз жарты жыл бойы қазақ жазушыларының ғана емес, шетел классиктерінің шығармаларын бір-бірімізге алмастырып, оқып жүрдік. Жетінші ай дегенде, ескі клубқа жаңадан оқу бітірген Айша деген әдемі қыз кітапханашы болып келетін болып, «ұрлықты» доғаруға тура келді. Жолдамамен келген сұлу бойжеткен көп дегенде үш-төрт ай жұмыс істеп, тайып тұратын шығар деп жүргенбіз. Олай болмады, ауылдық бастауыш мектебінің мұғалімі Алпысбай көкеміздің көзі кітапханашы қызға түсіп, қырындап жүрген. Көп ұзамай-ақ екеуі қосылып, шағын ауылда дүркіреп комсомол тойы өтті. Әрине, кітапхананың меңгерушісі тұрақты оқырмандары Сәкен, Батыр және менің жарты жыл бойы ұрлық жасағанымызды білмей кетті.

Қазір не көп – мереке көп, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптап кетті. Кеңес дәуірі кезінде Октябрь және 1 май мерекесі ғана болатын. Бұл екі мейрамды кішкентай ауылдың бала біткені асыға күтуші едік. Өйткені, әкелеріміз әр мереке сайын 5 сом береді. Бұл – шуылдаған балалар үшін үлкен байлық. Ақша қолға тиген бойда совхоз орталығындағы азық-түлік дүкеніне жүгіріп, кәмпит, пряник, лимонад алып, қарқ болып қалатынбыз. Сәкен болса, біз сияқты далбалақтап қашықтығы үш шақырымға жуықтайтын дүкенге жүгіре қоймайды. Мереке бітіп, абыр-сабыр басылған соң, мені жанына ертіп, өнеркәсіп тауарларын сататын дүкенге бас сұғамыз. Досымның штатындағы тілмәші – менмін.

Әкемнің Алексей деген орыс тамыры болды. Ол атарбаға әйелін, қызы мен баласын ертіп, біздің үйге жиі келетін. Біз де Леша ағайдың үйіне қонаққа барып тұрамыз. Заты орыс демесең, қонақжайлылығы қазақтан кем емес. Біз барғанда бір қоқи қазысын сойып тастап, иіліп – жастық, жайылып – көрпе болып жатқаны. Менімен қатар Галя мен оның інісі Коля мені совхоз клубында күндіз көрсететін киноға алып барғанда, төбем көкке сәл-ақ жетпей қалады. Галя мен Колянның арқасында шатып-бұтып орысша сөйлейтінім бар. Сәкен жарты жыл күткен пұлын маған сеніп тапсырады. Өйткені, құрдасыма қарағанда менің орысшам тәуір, сауданы мен жасаймын.

Әлі есімде, бастауыш мектептің төртінші сыныбында оқитын кезіміз. 1 май мерекесі өткен соң, бізбен бірге дүкенге бармақшы болған Жолбарысты үйшігіне қамап, совхоз орталығына бет алдық. Дүкенге жақындағанда Сәкен әкесі Қоныс көкем берген бес сомдықты беріп тұрып, 100 грамм «Барбарис» кәмпитін, 100 грамм пряник, бір бөтелке лимонад, 100 грамм халва және бір бума сурет салатын қағаз және бір қорап түрлі-түсті қарындаш алатынымды шегелеп тұрып айтты. Сатушы Мария деген етжеңді келген орыс әйел болатын.

– Ребята, что вам надо, говорите, – деді бізге жылы ұшырай қарап.

– Сто грамм пряник дай мне, сто грамм кәмпит – Барбарис дай мне, сто грамм халва дай мне, один лимонад дай мне, один пачка толстая бумага дай мне, цветные карандаши который стоит 28 копеек дай мне, – деп тақ-тақ етіп, сауданы бастап кеп жібердім.

Мария апай жымия күліп, заттарымды бере бастады.

– Дай мне, дай мне деп тотықұс құсап қайталай бергенің болмаса, орысшаңда мін жоқ, зуылдап тұрсың. Айтпақшы, который деген сөзді бірінші рет естіп тұрмын, оны қалай түсінуге болады? – деді Сәкен дүкеннен шыға берісте.

– Өзім де білмеймін, аузыма түскен орысшамды айтып жатқаным ғой, – деп иығымды қиқаң еткіздім.

Кішкентай ауылдағы бастауыш мектепті бітірген соң, Батыр Сәкен үшеуміз аудан орталығындағы интернатта оқыдық. Бала кезімде менің жирен тайым болды. Өзі нағыз жүйріктің өзі болатын. Талай рет ауылда өтетін тай жарысына қатысып, топ жарып жүрдім. Қасқа жиренмен шауып келе жатып, «Менің сәйгүлігім желден де жүйрік» деп іштей мақтанушы едім. Сөйтсем, уақыт сол жирен қасқадан да жүйрік болып шықты. Үш дос мектепті бітіріп, қолымызға аттестат алғанда, біздерді өмірдің дара өмір соқпақтары күтіп тұрған еді. Бала кезінен әдебиетке қанша құмар болса да Батыр инженер мамандығын таңдап, Шымкентке баратын болды. Мектеп қабырғасында жүргенде әдебиетті талдауға келгенде жіліктей шағатын Сәкен суретші болуды алдына мақсат етіп қойды. Мен ғана бала кезден армандаған жолдан таймадым. Мақсатым – журналист болу.

Сәкен екеуміз Алматыға жол жүруге дайындалып жүргенімізде аяқ астынан Сәкеннің әкесі мен анасы жол апатынан қайтыс болып, артында қарт әжесі, әлі кішкентай бауырлары жетім қалып, үлкен қайғыдан бүкіл ауыл теңселіп кеткендей болды. Бір шаңырақтың үлкен жүгі мектепті енді бітірген құрдасыма түсіп, мен Алматыға жол жүргенде, ол үлкен көздері жаутаңдап ауылда қала берді...

Өмір деген қас пен көздің арасы, содан бері отыз жылдан аса уақыт өте шығыпты. Бір шаңырақтың бар ауыртпалығын өз мойнына алған Сәкентай жүргізушілер даярлайтын курсты бітіріп, совхозда жүргізуші болып еңбек етті. Кейінірек Түркістан қаласындағы арнайы орта оқуын сырттай бітіріп, ұзақ жылдар бойы орта мектепте сурет пәнінен сабақ беріп келеді.

Құрдасыма Алла тағала жақсы мінез, ер жігітке сай көрік пен сымбатты аямай-ақ берген. Мектепте оқып жүргенде оған ғашық болмаған қыз жоқ, күйдім-сүйдім деп өздері хат жазып жататын. Аудан орталығында үш-төрт жігіт болып келе жатқанымызда қыз-қырқын Сәкенге көз қырын салмай өтпейтін. Өзінен үш класс төмен оқыған Қарлығаш – Сәкеннің алғашқы махаббаты. Мектеп бітірген соң, Қарлығаш сүйген жігітіне тұрмысқа шығып, екеуі қарашаңырақтың ауыр жүгін бірге көтерді, жұбы жазылмай, бірге тату-тәтті өмір сүріп жатты...

Түні бойы дөңбекшіп, дұрыс ұйықтай алмадым. Таңертең түсіме Сәкен кіріпті. Ауылға барған екен деймін. Бірге өскен ауыл жігіттерімен өткенді-кеткенді сөз етіп, әңгімені көсіп отырмыз. Жаңа ғана ортамызда көңілді отырған Сәкен орнынан тұрып, ешкіммен қоштаспай, ауылдың шетіне қарай бет алды.

– Сәкен, қайда барасың? – деп бәріміз шу ете қалдық. Бірақ, ол артына бұрылмады. Дәл ауылдың жанынан басталатын қырды асып, жоқ болып кетті. Мен түсімнен шошып ояндым.

...Таныс профессор Сәкенді жылы қабақпен қабылдап, асықпай қарады, медициналық талдаулар алды.

– Ауырып тұрғаның – бір аунап тұрғаның, бауырым! Бәрі жақсы, уайымдайтын ештеңе жоқ. Ештеңеге алаңдамай, ауылыңа қайтуыңа болады, – деп досымның арқасынан қақты. – Бүгін алған медициналық талдаулардың қорытындысын ертең Дәркешке айтамын.

Екеуміз онкологиялық ауруханадан шыққан соң, Қарлығашқа телефон соқтық. Бір хабарды асыға күтіп отырған досымның жұбайы қуанып, «Жаратқан иеміз бар екен ғой! Шүкір, үш баламның әкесі аман болса, мен үшін одан үлкен бақыт жоқ, Дәркеш! Саған алғысым шексіз! – деп Қарлығаштың дауысы дірілдеп шықты.

Оның қуаныштан іштей жылап тұрғанын айтпаса да сездім... Ертесіне таныс профессор-дәрігер хабарласты.

– Дәркеш, жаныңда досың жоқ па? – деді Еркін амандықтан соң.

– Жоқ, жалғызбын, – дедім. Ішім бір жамандықты сезіп, жүрегім дүрсілдеп қоя берді.

– Сәкеннің медициналық талдауын мұқият қарап шықтым, дұрыс болмай тұр, – деді профессор көңілсіз. – Небәрі 40-тағы тепсе темір үзетін жігіт. Өлімге қимайтын жан екен. Өкінішке орай, әрі кетсе екі ай өмірі қалыпты. Әрине, ауруханаға жатқызып, биохимия және тағы басқа да ем жасауға болады. Оны да алдап, өзімді де алдап қайтемін! Мына тиын санаған қиын заманда босқа шашылмасын.

– Рахмет, Ереке! Әрине, өте өкінішті! Қош болыңыз! – деп телефонды өшіре бердім.

Өзімді салмақты ұстауға тырыссам да, ішім алай-дүлей еді. Еріксіз көзіме жас келді...

Кеше ауыр дерттен соң демалсын деп Сәкенді Алматының маңайындағы «Көктем» санаторийіне орналастырған болатынмын. Жұмыстан соң демалыс орнына тарттым. Сәкен гүлді алаңның жанындағы ағаш орындықта талдырмаш бойлы әдемі келіншекпен сөйлесіп отыр екен. Бейтаныс әйел біздің әңгімемізге бөгет болмайын деген болу керек, сыпайы қоштасып, орнынан тұрды.

– Жас кезінде небір ай десе аузы бар сұлулар жаныңнан шыр айналып шықпаушы еді. Демалыс орнындағы сұлулар да келе салысыңмен сені төңіректей бастапты. Жарайсың, достым! Еркек үйден қырық адым шықса бойдақ деген осы, – дедім құрдасыма әзілдеп.

– Жас кезімде қыздарға қырғидай тигенім шамалы, енді жарыта қоймаспын, – деді Сәкен күлімсіреп. – Айтпақшы, профессор өзіңмен хабарласамын деп еді, әлгі талдаулар дұрыс па екен?

– Иә, ол кісі бүгін телефон соқты. Бәрі жақсы, еш алаңдамай дем ал, – дедім өтірік айтуға мәжбүр болып.

Бұл кездесуден кейін де Сәкенді екі рет іздеп бардым. Мүмкін кездейсоқтық болар, жүзі жылы сұлу жас келіншекпен жұбын жазбай бірге жүрді... Қайтар жолға Сәкенге пойызға билетті алдын-ала алып қойғанмын. Ауылға кетерде шай ішіп кетсін деп, бүгін ерте келдім. Сәкен гүлді алаңдағы ағаш орындықта жалғыз отыр еді.

– Бүгін сыңарынан айырылған аққудай жалғыз қалыпсың ғой. Жаныңдағы сұлу келіншек қайда?

– Сәулені сұрайсың ба? Кеше демалыс мерзімі бітіп, Көкшетауға қайтып кетті. Жиырма күндей бірге демалдық. Көркіне мінезі сай жақсы келіншек... – деп Сәкен сөзінің соңын жұтып қойды.

...Бұл соңғы бас қосуымыз екенін іштей сезіп отырсақ та, жұбайым екеуміз сыр бермедік. Сәкен дастархан басында өте көңілді отырды.Ептеп армян коньягінен ұрттадық. Талай қыр мен белесті асып, елес болып қалған балалық шағымызды, қалай кітап ұрлап оқығанымызды еске алдық. Досымды 2-ші темір жол бекетіне дейін шығарып салдым.

– Дәркеш, саған бірдеңе айтайын ба? – деді Сәкен вагонға жақындағанда бала кезіндегідей қипақтап. – Мен қарап жүрмей, бірдеңені бүлдірдім... Ауылға барғанда Қарлығаштың бетіне қалай қараймын...

– Түсіндім... Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді деген. Дегенмен, еркектердің де оңып тұрған мұрны жоқ. Ондай-ондай болып тұрады, бәріміз де сау сиырдың боғы емеспіз.

– Сәуле көрінген еркекке етегін түретін келіншек емес, текті әйел. Тағдыры менің әкем мен анама ұқсайды. Күйеуі мен ұлы жол апатынан қайтыс болып, қызы екеуі аман қалыпты. Мені ұнатып қалды. Мен де темір емес, ет пен сүйектен жаралған пендемін, кеудесінен итере алмадым...

– Сымбатына қарық қыз ғашық болатын сендей серінің жүрегін жаулап алған көкшетаулық сұлу келіншек тегін адам емес. Бірақ, Қарлығаш сенің алғашқы махаббатың, үш балаңның анасы...

– Айтсаң, көңілдің кірі кетеді деген. Саған айтып, тұла бойым жеңілдеп қалды, – деді Сәкен. – Иә, Қарлығаштың жолы да, жөні де басқа... Дәркеш, бұл құпия екеуміздің ортамызда қалсын. Мақұл ма, сөзіңде тұрасың ба?

– Өләки, біләки! Ол аз болса, қызыл галстукті пионердің атымен ант беремін!

Сәкен бала кезіндегідей арсалаңдап, мені құшақтап, вагонға көтерілді. Бұл екеуміздің соңғы кездесуіміз және қоштасуымыз екенін біліп, ішкі дүнием алай-дүлей болып тұрды.

Жиырма күннен соң Сәкеннің өмірден озғаны туралы суық хабар келіп, жолға жиналдым.

ҚАЗАҚСТАН БҰҰ-НЫҢ ҮЗДІК 10 ЕЛІНІҢ ҚАТАРЫНДА ЕНДІ:

Еліміз АҚШ пен Нидерландыны қалай басып озды?

Қазақстан тозған жерлерді қалпына келтіру аумағы бойынша әлемде үшінші орынға шықты. Бұл – 8,13 млн гектар немесе ел аумағының 3%-ы. Көрсеткіш тек Қытай мен Моңғолияда ғана жоғары. Бұл деректер БҰҰ-ның табиғатты қалпына келтіру туралы алғашқы әлемдік баяндамасында келтірілген.

Сонымен қатар Қазақстан су қоймаларын қалпына келтіру бойынша да үздік ондыққа енді, ал «Алтын Дала» далалық бағдарламасы жануарлардың табиғи ортасына қайта оралуының жарқын үлгісі ретінде аталды.

«Табиғаттың қайта оралуы» баяндамасын БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП) және Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция хатшылығы дайындаған. Бұл – әлем елдерінің бүлінген экожүйелерді қалай қалпына келтіріп жатқаны туралы тарихтағы алғашқы жиынтық бағалау.

Әлем Қазақстан аумағымен тең жерді сауықтыруда

Қазіргі уақытта 149 елде 252 млн гектарға жуық құрлық пен су айдындары қалпына келтірілуде. БҰҰ бұл аумақты Қазақстанның жер көлемімен салыстырады. Бұл – бақылау жүргізілген бүкіл тарих ішіндегі ең ауқымды жұмыс.

Ең көп қалпына келтіру жұмыстары Азияда жүргізілуде – 192,2 млн гектар (әлемдік көлемнің 76%-ы).

Құрлық бойынша үшінші орын

Көшбасшы болып отырған ел – Қытай (127,4 млн гектар, бұл ел аумағының 13,5%-ы). Екінші орында 12,18 млн гектармен Моңғолия тұрса, үшінші орында 8,13 млн гектармен Қазақстан орнықты.

Қалпына келтіріліп жатқан жер аумағы бойынша Қазақстан Эфиопия, Индонезия, Бразилия, Түркия, Оңтүстік Африка Республикасы, Канада және Филиппинді артта қалдырды. Мысалы, Бразилия 3,41 млн гектарды, ал Канада 2,47 млн гектарды қалпына келтіруде.

Алтын Даладағы ақбөкендер мен жабайы жылқылар

Қазақстандағы «Алтын Дала» далалық бағдарламасы – БҰҰ-ның әлемдегі табиғатты қалпына келтірудің үздік флагманы ретінде танылған 35 жобасының бірі. Баяндамада ол жануарлардың табиғатқа оралуының ең жарқын мысалдарымен қатар аталған: Шығыс Африкадағы тау гориллалары, Бразилиядағы ягуарлар, Қырғызстандағы барыстар және Үндістандағы Ганг дельфиндері. Авторлар Алтын Далаға ақбөкендер мен жабайы жылқылардың оралғанын ерекше атап өтеді.

Жалпы, бұл флагмандық жобалар 18 млн гектарды қалпына келтіріп, 1,1 млн-нан астам жұмыс орнын ашты және 1,2 млн-нан астам адамды оқытты.

Орталық Азия тәжірибесі

Баяндамада Орталық Азияның құрғақ аймақтары мен Руандада жүргізілген зерттеу жеке аталып өтеді. Бұл зерттеу БҰҰ-ның үш негізгі экологиялық конвенциясы бойынша міндеттемелерді бөлек-бөлек орындауға дамушы елдердің көпшілігінде қаражат жеткіліксіз екенін көрсетті. Ең үлкен үнемдеуді табиғатты қалпына келтіруді мониторингтеудің бірыңғай ұлттық жүйесі қалыптастырады. Мұнда бірдей тексерілген деректер бірден бірнеше есепке қызмет етеді.

Әлем әлі артта келеді

Елдер 1 млрд гектарға жуық жерді қалпына келтіруге уәде бергенімен, оның ширегі ғана орындалды. 2030 жылға қарай бүлінген экожүйелердің 30%-ын қалпына келтіру үшін қарқынды үш есе арттыру қажет.

Қаржы да жеткіліксіз. 2022 жылы әлемде табиғатты қалпына келтіруге 64 млрд доллар жұмсалса, 2030 жылға қарай жылына 296 млрд доллар қажет. Бұл – төрт еседен де көп. Сонымен қатар, авторлардың бағалауынша, табиғатты қалпына келтіру 32 млн-ға дейін жаңа жұмыс орнын құра алады.



• МЕРЕЙ

Жуырда маған Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты «Тұран» университетінен халықаралық конференцияға шақырған қағаз келді. Онда 2026 жылдың 24 сәуірінде «Тұран» университеті мен Медиа және мәдениетаралық коммуникация Жоғары мектебі бірлесіп, зерттеуші-профессор, филология ғылымдарының докторы Шындалиева Меңдігүл Бұрханқызының 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылатын «Жаһандану және журналистиканың жаңа міндеттері: трендтер, ЖИ, медиа трансформациясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізетіні хабарланған екен.

Мейірімді Меңдігүл

Ғалым Меңдігүл Бұрханқызын бұрыннан танитын болғандықтан бұған кәдімгідей қуандым. Және желдей ескен уақыттың зымырай түсіп, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде кандидаттық қорғамақ болып әуре-сарсаңда жүрген сонау 2006-2007 жылдарды еске алып, басымды шайқадым. Содан бері де жиырма жылдың көзді ашып жұмғандай өте шыққанына қалай таңданбассың.

Меңдігүлмен де сол бір қарбалас жылдары танысқан едім. Ол да өзінше бір қызық жағдай. Ол кезде Меңдігүлдің университеттегі филология мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің ғалым-хатшысы болып еңбек етіп жүрген кезі. Ал біздер – қорғаушылар зерттеп жүрген тақырыпты әуелден жақсы білетін болғандықтан жазу жағынан қиналмағанмен, таусылып бітпейтін қағаздар толтырудың, сосын оларға ондаған есікке кіріп қол қойдырып, мөр бастырудың әлегімен жүгіріп жүрген кезіміз. Міне осындайда мұндай машақаттыбұрын басынан өткерген адамның көмегі, жол сілтеуі керек-ақ болып тұрады.

Бұл орайда ғалым-хатшы Меңдігүл мейірбан жан екен. Кандидаттық еңбегіме қатысты құжат жинау барысында тиісті қағаздарымды алдына әкелген алғашқы күннен бастап мені бірінші рет көріп тұрса да қамқорлық танытып, келесі қағаздарға байланысты қайда барып не істеу керек екенін түсіндіре бастады. Сонымен не керек, ғылым докторы бола тұра мұрнын шүйірмей сөз жәрдемін тигізуінің арқасында бір баратын жерге әлденеше рет барудан арылып, тірлігім тез бітіп, кандидаттығымды ойдағыдай қорғадым.

Осылайша қорғауға байланысты атқарылатын қара жұмыстарымды әлдеқайда жеңілдеткен Меңдігүлге риза болып мейірімді жан екенсіз деп әзілдедім. Кейін білгенімдей Меңдігүл Бұрханқызы шынында да сондай адам екен. Бұған оның өміріндегі жиырма жыл бұрынғы және оның алдындағы, қазіргі кездегі уақыт кезеңдері айқын дәлел. Осы мерзім ішіндегі қырық жылдан астам уақытта Меңдігүл өмірдің талай бұралаң жолдарынан өтсе де мейлі ол үлкен болсын, кіші болсын адамдарға деген мейірбан мінезінен еш ауытқыған емес. Бұл жөнінде әңгіме барысында айта жатармыз. Әзірше оның ғылым саласындағы адал еңбегіне қысқаша тоқталып өтейік.

Меңдігүлді өмір о бастан еркелеткен жоқ. Ата-анасынан ерте айырылып, ағасының қолында тәрбиеленді. Орта мектепті тәмәмдағаннан кейін арман қуып Алматыға келді. Етінің тірілігі ғой, ауылдас ағам деп сыртынан ес тұтып жүретін үлкен ғалым Бейсенбай Кенжебаевқа жолығып, оның үйінде қазіргі танымал ғалым Құлбек Ергөбекпен танысып, ақыры жолы болып қазіргі ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіп, журналист мамандығын иеленді.

Оқу бітірген соң бірер жыл мамандығы бойынша газетте еңбек еткенімен, негізгі көздегені ғылым жолы болғандықтан, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасына аға оқытушы болып орналасып, осында «Ақындық пен шешендіктің дәстүрлі байланысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Меңдігүлдің журналистика саласындағы ғылыми жолы осылай басталған еді. Оның содан бергі журналистика ғылымына сіңірген еңбегін инемен құдық қазғандай десек те, тау қопарып, тас үгіткен десек те жарасады. 2003 жылы оған «әдебиеттану» саласы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

М.Б.Шындалиева ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Нұрғалидың кеңесшілігімен 2006 жылы докторлық диссертация қорғады. Ал 2010 жылы «Қазақ әдебиетіндегі очерк жанрының поэтикасы» атты тақырыпта «әдебиеттану» саласы бойынша профессор ғылыми атағын иеленді.

2008-2010 жылдар аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі 10.01.02 – қазақ әдебиеті және 10.01.07 – салыстырмалы әдебиеттану мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д.14.31.03 диссертациялық кеңесінің ғалым-хатшысы болды.

М.Шындалиеваның ғылыми жарияланымдарының деңгейі жоғары, ғылыми-теориялық конференцияларда жасаған баяндамалары мазмұнды болып келеді. 1999-2009 оқу жылдарында 5 оқу-әдістемелік құрал шығарды. Оларды бүгінгі таңда журналистика мамандығына даярланып жатқан студенттер «Отандық журналистиканың тарихы», «Әлем журналистикасының тарихы», «Әдеби редакциялау» пәндерінен оқу құралы ретінде пайдаланып жүр.

Ол дайындаған «Сөз өнерінің бастауы» деген оқу құралы мен «Ал, тында, ағайын» хрестоматиясы жоғары талаптарға жауап беретін, филология, журналистика мамандарын даярлау барысында, орта мектептердің оқу процесінде пайдалануға болатын еңбектер.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын Меңдігүл Бұрханқызы журналистика мамандығына даярланып жатқан студенттерге «Шетел журналистикасының тарихы», «Журналистикадағы менеджмент және маркетинг», «БАҚ-тағы жарнама», «Редакциялау теориясы мен әдістемесі», «Саясат жарнамасы», «Журналистиканың жанрлары мен пішіндері» жалпы пәндері және арнайы курстар, семинар пәндерінен оқу бағдарламаларын талапқа сай жасап, терең білім бере біледі.

М.Б.Шындалиева оқытушылық қызметін ғылыми ізденістерімен де ұштастырып келеді. Қазақ әдебиетіндегі очерк жанрын түбегейлі зерттеп, ғылыми айналымға қосқанын ғылыми орта жоғары бағалайды. Ғалымның «Очерк табиғаты» зерттеу еңбегі «Елорда» баспасынан 2002 жылы жарық көрді. «Қазақ очеркінің дамуы, қалыптасуы» монографиясы 2005 жылы басылып шықты. «Қазақ очеркінің библиографиясы» атты көрсеткіші 2005 жылы ЕҰУ баспасынан жарық көрді. Ол сондай-ақ бірнеше монография, оқу құралдары мен жүзден астам ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы.

М.Шындалиеваның Қазіргі қазақ журналдары (көмекші оқу құралы), Азия елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары (Оқу-әдістемелік құрал), Сөз өнерінің бастауы (Оқу құралы), Омбы өңірі қазақтарының ХҮШ-ХХ ғасырлардағы әдеби шығармашылығы (Оқу құралы), Ақселеу Сейдімбек (Библиографиялық көрсеткіш), Очерк табиғаты (Монография), Қазыналы биікте (Ғылыми кітап), Қазақ очеркінің қалыптасуы, дамуы (Монография), Қазақ очеркі (Библиографиялық көрсеткіш) тағы басқа оқу-әдістемелік құралдары, монографиялары журналистика бағытында білім алып жүрген студенттер арасында сұраныспен пайдаланылады.

Меңдігүл Бұрханқызы 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері атанды. Ал 2012 жылдың 1 наурызы мен 25 мамыры аралығында Мәскеу қаласындағы Ресей Халықтар Достастығы университетінде ғылыми тағылымдамадан өтуге жолдама алып, білімін тереңдете жетілдіріп қайтты. Сондай-ақ ол 2011 жылы өткізілген «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы.

Ал енді жоғарыда айтқанымдай, Меңдігүлдің мейірбандығына келсек, бұл оның бала күнінен бойына сіңген табиғи қасиеті екенін бұрын да басынан өткізген, қазір де бойынан табылып жатқан мінезден аңғаруға болады. Меңдігүл көп балалы отбасында өсті. Ата-аналары бұлардың жас кезінде қайтыс болып кеткендіктен, бауырлары мен сіңлілері бастапқыда үйдің үлкені – ағасы мен жеңгесіне бауыр басса, кейін оқып-тоқып, өз аузына өз қолы жеткен кезде ағасы мен жеңгесіне қолғабыс жасап, бұл да бауырларына қолдан келгенше қамқор бола бастады.

Павлодарда жүргенде әскери қызметтегі бір жігітпен тұрмыс құрған еді. Алғашқыда жақсы өмір сүріп жатты. Кейін ол қызмет бабымен басқа қалаға қоныс аударды, ал бұл университеттегі жұмысында қала берді. Көп ұзамай тұңғыштары дүниеге келді де екі жақтағы ерлі-зайыптылардың кездесуі сирей берді... Арада жылдар өтіп, Астанаға қоныс аударғаннан кейін кәмелет жасына толған баласына серік болсын деп, бір бала бауырына басып алуды ойластырды. Ол баласы да қазір ержетіп, 11 сыныпта оқып жүр.

Осыдан 4-5 жыл бұрын Алматыға қоныс аударуына тура келді. Бұл да сол баяғы бауырларына деген жанашырлықтан, мейірімділіктен туындаған шаруа. Құдайға шүкір Астанада жағдайы жаман болған жоқ. Інілері ержетіп шаңырақ құрды. Үлкен баласы үйленгенде бауырлары жабылып той жасап, құдалық күтті. Бәрін жайғастырып, тәубе дей берген кезде кенеттен тете сіңлісі жол апатынан қайтыс болды. Сіңлісінің артында жалғыз қызы қалып, тұрмыс құрып, балалы-шағалы болды. Алматыға көшіп келіп, сол сіңлісінің артында қалған қыздың ұл-қызына қарайласып отырған жайы бар.

Меңдігүлдің басындағы осындай жәйттерден хабардар болғаннан кейін қазақ айтатын қыздың қырық жаны бар дегенге сенесің. Әрі өмір кедергілерін қайсар да мейірімді мінезімен бұзып өтіп, жан-жағына шырайын шашып, абыройға бөленіп жүргеніне сүйсінесің. Меңдігүлдің мерейтойына орайластырып, өзі профессор дәрежесінде қызмет жасайтын «Тұран» университетінің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп жатқаны да мерейтой иесінің қайраткерлігін аңғартпай ма. Мерейің үстем бола берсін мейірімді Меңдігүл!

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстанның Құрметті журналисі

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2025 жылдың 22 наурызында қайтыс болған **Адырбекова Ултусыннан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2018 жылдың 26 қарашасында қайтыс болған **Оспанов Жақыптан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 13 қазанында қайтыс болған **Бесбаев Есенгельды Заманбековичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 30 қазанында қайтыс болған **Назирова Хадиша Сулеймановнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 06 мамырында қайтыс болған **Жумабекова Алия Абдурахмановнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 01 маусымында қайтыс болған **Кишуаров Есенбайдан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Мухамедшин Марат Ахмедшинович**, дата смерти: 01 августа 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Кречетова Мария Сергеевна**, дата смерти: 13 апреля 1998 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Лужина Оксана**, дата смерти: 20 марта 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Моисеев Анатолий Геннадьевич**, дата смерти: 28 августа 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Павленко Андрей Сергеевич**, дата смерти: 17 сентября 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Ирсалиева Шаира Юлдашевна**, дата смерти: 18 октября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Рябова Татьяна Петровна**, дата смерти: 28 декабря 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Рябов Евгений Константинович**, дата смерти: 13 октября 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Рябов Константин Аркадьевич**, дата смерти: 22 февраля 1996 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС

Төраға:
Қуанышбек БОТАБЕК

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)

Ержан УӘЙІС
ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі
(Түркия)

Балжан АРИНОВА
(Астана қаласы мен Ақмола облысы)

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 663 50 55
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 2328.

(Соңы. Басы 1-бетте).



Форумның Spectrum мектебінде өтуі де кездейсоқ емес еді. Ұйымдастырушылар жасанды интеллект пен медиа сауаттылық тақырыбын тек үлкен аудиторияға ғана емес, келешекте осы саланы жалғастыратын жас ұрпаққа да жеткізуді мақсат еткен сияқты. Сондықтан бағдарлама мектеп өмірімен, оқушылардың жобаларымен танысудан басталғаны кездейсоқтық емес, нақты идея еді.

Мектептегі таныстырылымнан кейін форумның негізгі бөлімі басталды. Медиафорумды Қазақстанның Бас редакторлар клубының президенті Бибігүл Нұрғалиқызы Жексенбай ашты. Жиынды Қазақстанның Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті, «Әділет» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, профессор Мұратбек Тоқтағазин жүргізді.

Форумға журналистер, бас редакторлар, медиаменеджерлер мен сала мамандары қатысып, жасанды интеллектінің медиаға ықпалын және журналистің кәсіби жауапкершілігін талқылады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ МЕДИА

Журналистің орнын жасанды интеллект баса ала ма? Бүгінде жасанды интеллект ақпарат іздеу, мәтін әзірлеу және деректерді өңдеу сияқты жұмыстарды жеңілдетіп отыр. Алайда технологияның қарқынды дамуы журналист мамандығының болашағына қатысты сауалды да көбейтті.

Алғашқы болып сөз алған белгілі қоғам қайраткері, Құрылтай депутаты Марат Башимов қазіргі кезеңде ұлттық қауіпсіздік мәселесінің бірінші орында тұрғанын атап өтті. Содан кейін адам құқықтары мен денсаулық сақтау мәселелерінің маңыздылығына тоқталды. Спикер көпшілік назардан тыс қалдырып жіберетін, бірақ соған қарамастан маңызды бір мәселе – ақпараттың иландылық қағидаттарына сәйкес келуі екенін ерекше атап өтті.

Кезекті баяндаманы журналист, публицист, Қазақстан журналистика академиясының академигі Мағжан Садыханұлы жасады. Оның баяндамасы “Жасанды интеллекттің болашағы қандай?” деген тақырыпта болды. Спикер интернеттің өте ауқымды ұғым екенін, оның қарқынды дамып келе жатқанын, бірақ дәл осы қарқынның қоғамдық өмірдің қалыпты дамуына кедергі келтіре бастағанын айтты. Оның сөзінше, бүгінде шынайы ақпарат алудың өзі қиындап барады. Мұны дәлелдеу үшін спикер жеке мысал келтірді: бірде Астанада Бәйтерек мұнарасы өртеніп жатыр деген ақпарат тарап, оттың жалынын, қисайып құлаған мұнараны “көрсеткен” видео көргенде қатты алаңдағанын, бірақ кейін бұл ақпараттың толықтай өтірік, жасанды түрде жасалған бейне болып шыққанын айтты.

Мағжан Садыханұлы баяндамасының негізгі сұрағын былай тұжырымдады: жасанды интеллект адамзаттың көмекшісі болып қала бере ме, әлде оның орнын толық басып кете ме? Спикердің пікірінше, бұл – 21 ғасырдың ең маңызды сұрақтарының бірі, себебі жасанды интеллект бүгінде күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Сондай-ақ ол журналистердің қызметін жасанды интеллект толық атқара алатынына қатысты сұрақ қойып, сөзінің соңында “болашақ өмірімізді жасанды интеллект емес, оны тұтас басқара алатын адам ғана, яғни журналистер ғана қалыптастыра алады” деген пікірін білдірді.

Медиафорумда сөз алған келесі спикер – медиа менеджер, Ұлттық медиа қауымдастығының төрағасы Кемелбек Ойшыбаев өз баяндамасында жасанды интеллект және отандық медиақауымдастық тақырыбын қозғап, отандық медианың жасанды интеллект технологияларымен қалай сәйкестеніп, қалай даму керектігі мәселесіне арналды. Спикер журналистика саласында жиі қойылатын сұрақты атады: редакциялар мен журналистерді толығымен жасанды интеллект алмастыра ала ма? Оның жауабы қысқа әрі нақты болды – жасанды интеллект журналистің орнын ешқашан толық баса алмайды, себебі ол оқиға орнына қысқа мерзімде жетіп, сол жердегі адамдардың сезімін сезіне алмайды. Сондықтан Кемелбек Бақтығұлұлы жасанды интеллектті журналистің қарсыласы емес, көмекшісі ретінде қарастыру керектігін айтты.

Сонымен қатар спикер отандық медианың қаржыландыру мәселесіне де тоқталды: қазіргі уақытта көптеген отандық медиа құралы мемлекеттік тапсырыстың арқасында күн көріп отыр. Егер ертең мемлекеттік тапсырыс тоқтатылатын болса, жарнама нарығынан ақпараттық қауымдастыққа түсетін қаражат та тоқтауы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, Кемелбек Бақтығұлұлы жасанды интеллект технологиясының дұрыс реттелмеуі ұлттық ақпараттық қауымдастыққа үлкен зиян әкелуі мүмкін екенін ескертті.

Спикердің пікірінше, отандық медианың қаржылық тұрақтылығы мен технологиялық дамуы бір-бірімен тығыз байланысты екі мәселе. Егер редакциялар жасанды интеллект құралдарын тек шығынды қысқарту үшін пайдаланса, бұл ұзақ мерзімде кәсіби журналистика сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан, оның айтуынша, жасанды интеллектті енгізу процесі міндетті түрде кәсіби стандарттар мен этикалық нормалармен қатар жүруі тиіс.

Форумда сөз сөйлеген медиа менеджер, журналист Айна Задабек сөзін NVIDIA компаниясы басшысының Қазақстанға келген сапарындағы мәлімдемесінен бастады: оның айтуынша, аталған компания басшысы Қазақстанды әлемде жасанды интеллектті ұлттық басымдық ретінде таңдаған бірінші мемлекет деп атаған. Айна Задыбек сондай-ақ жасанды интеллектті “пайдаланушының көңілінен шығуға тырысатын құрал” ретінде сипаттап, оның осы қасиетінің медиа тұтынушысына да, журналистикаға да бірдей әсер ететінін атап өтті. Спикер ақпараттың шынайылығын тексеруге ерекше назар аударды. Оның айтуынша, жасанды интеллект журналистің уақытын үнемдегенімен, ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын өздігінен



Smart News сайтының негізін қалаушы Нағашыбек Алдан “Жасанды интеллект – журналистің көмекшісі ме, әлде оның алмастырушысы ма?” деген тақырыпта баяндама жасады. Ол да алдыңғы спикерлер секілді жасанды интеллекттің журналистика саласындағы орнын көмекші құрал ретінде көретінін білдірді.

Презентация барысында жасанды интеллект журналисті алмастыратын құрал емес, оның жұмысын жеңілдетіп, ақпаратты тереңірек зерттеуге мүмкіндік беретін көмекші технология екені атап өтілді.

QRNews.kz ақпараттық агенттігінің директоры Сапарғали Қанат жасанды интеллект редакцияның жұмысын оңтайландырып, журналистердің уақытын үнемдеуге және контентті түрлі форматта жедел ұсынуға көмектесетінін, алайда жалған ақпараттың таралуы, деректер қауіпсіздігі және қате аударма сияқты тәуекелдерге байланысты ЖИ жасаған материалдарды тексеру мен редакциялық бақылау маңызды болып қала беретінін атап көрсетті.

Форумда сөз алған спикерлердің дені жасанды интеллекттің артықшылығы мен қауіпін бір мезгілде атап өтуге тырысты. Бір жағынан, технология ақпаратты өңдеу, деректерді талдау, жедел жаңалық дайындау сияқты қаптаған жұмысты жеңілдетеді. Екінші жағынан, дәл сол жылдамдық пен қолжетімділік расталмаған, жасанды түрде жасалған ақпараттың да тез таралуына жол ашады. Спикерлердің көпшілігі үшін форумның басты идеясы да дәл осында еді: технологияны теріске шығармай, оны қалай жауапты түрде пайдалануға болатынын үйрену.

Форумда «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте қордың қызметі мен жүзеге асырылып жатқан жобалары туралы баяндады. Солардың бірі – «Ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен, сондай-ақ «Білім-инновация» қорының 30 жылдық тәжірибесі негізінде жүзеге асырылған жоба шалғай ауылдардағы білім сапасын арттыруға бағытталған. Жоба аясында қор қарамағындағы мектеп-лицейлердің мұғалімдері ауылдарды аралап, ағартушылық жұмыстарын жүргізгендігін айтып, соның нәтижесінде 620 мектеп қамтылып, 7 073 мұғалім оқытылғанын, 484 жаңа оқу кабинеті ашылып, оқушылардың оқу үлгерімі орта есеппен 10%-ға артқанын баяндады.

Сондай-ақ «Spectrum» халықаралық мектебінің директоры Ерхан Абдулдаев білім беру мекемесінің негізгі бағыттары мен жұмыс ерекшеліктерін таныстырды.

Жиын аясында Қазақстанның Бас редакторлар клубы мен «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қоры **Ынтымақтастық туралы меморандумға** қол қойды. Құжат екі ұйым арасындағы әріптестікті нығайтып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға және білім мен медиа салаларының байланысын дамытуға бағытталды.

Медиафорумның соңында журналистика саласының дамуына үлес қосқан мамандарды марапаттау рәсімі өтті. Белгілі журналист-публицист Жанболат Аупбаев «Ақпарат ардагері» медалімен марапатталды. Қазақстанның БАҚ саласын дамытуға ерекше үлес қосқан білікті массмедиа мамандары Ержан Қалымбайұлы, Қуанышбек Ботабек және Кемелбек Ойшыбаев **«Қазақстанның үздік медиаменеджері»** номинациясы бойынша марапатталды. **«Қазақстанның үздік медиатренері»** аталымында Бақыт Шойымбек пен Қуантай Қатшабаевтың еңбегі жоғары бағаланды. **«Қазақстанның үздік медиамекемесі»** номинациясы бойынша **QRNews.kz ақпараттық агенттігі, SMARTNEWS.KZ желілік басылымы және Qaz365.kz** ақпараттық агенттігі марапатталды. **«Қазақстанның үздік бас редакторы»** атағы Зарина Қуатова, Ерсін Мұсабеков, Жанай Амантурлин және Қайырбай Төреқожаға берілді. **«Қазақстанның үздік журналисі»** номинациясымен Мұрат Рашов, Еркәзы Сейтқали, Аманғали Қалжанов және Нұрбол Жайықбаев марапатталды.

Бұдан бөлек, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің директоры, жазушы, ғалым Нұржан Қуантаев Бас редакторлар клубының Құрмет грамотасымен марапатталды. ЕҰУ-нің Журналистика және медиаөнер кафедрасының меңгерушісі, PhD Амангелді Шурентаев **«Зерделі зерттеуші»** аталымында және бірқатар медиа мамандары **«Баспасөз қызметінің үздігі»** аталымы бойынша марапаттарға ие болды.

«Зияткер» және «Зияткерлік қоғам» республикалық ғылыми журналдарының бас редакторы, Бас редакторлар клубының мүшесі Жәнібек Кәкей медиафорум аясында медиа мен журналистика саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген университет оқытушылары мен жас зерттеушілерге Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады.

Форум соңында Бас редакторлар клубының басқару құрамындағы өзгерістер жарияланды. Кейбір басқа жұмыстарға ауысуына байланысты Бас редакторлар клубының Негізгі құрамына толықтыру ретінде Қуат Әуесбай, Айна Задабек және Сапарғали Қанат клубтың вице-президенттері, ал Мақпал Адамбаева атқарушы директоры болып тағайындалды.

Форум барысында басқа салаға ауысуларына байланысты клубтың вице-президенті, білікті медиамаман Нұрбол Төлебаев пен атқарушы директоры болған Бибігүл Құламанға осы қоғамдық ұйымның жұмысын дамытуға қосқан сүбелі үлестері үшін Алғыс хат тапсырылып, құрмет көрсетілді.

Жиын жасанды интеллектінің журналистикадағы мүмкіндіктерін талқылаумен қатар, кәсіби жауапкершіліктің маңызын тағы бір мәрте көрсетті. Технология қанша дамыса да, ақпараттың шынайылығын тексеру, дерекке сүйену және оқырман сенімін сақтау журналистің негізгі міндеті болып қала береді.

Spectrum мектебінде өткен республикалық медиафорум жасанды интеллект дәуіріндегі қазақстандық медианың алдында тұрған негізгі сұрақтарды бір алаңға жинады: шынайы ақпаратты қалай сақтап қалуға болады, журналистің кәсіби орны қайда қалады, технология мен адами фактор қалай теңгерімде дами алады? Форумға қатысқан спикерлердің барлығы дерлік бір ортақ пікірге келді – жасанды интеллект журналистиканың бәсекелесі емес, көмекшісі болуға тиіс, ал шынайы оқиғаны сезініп, қоғамға жеткізе алатын адам факторы ешқашан өз маңызын жоғалтпайды.

Сонымен қатар форум барысында қаржыландыру, медиа тәуелсіздігі және ақпараттың иландылық қағидаттарына сәйкестігі сияқты мәселелердің де көтерілуі – бұл тақырыптың тек технологиялық емес, қоғамдық-этикалық қыры да бар екенін көрсетті. Бас редакторлар клубы мен Білім-инновация халықаралық қоры арасында қол қойылған меморандум осы бағыттағы жұмыстың ендігі жерде жүйелі түрде жалғасатынының белгісі болды.

Нұрдәулет АЛЕКУЛ,
Тамирис ҚАЛИАКПЕР,
ЕҰУ-нің студенттері